



Буркитбаев Т.С.,  
Кунжигитова Г.Б.,  
Жолдасбекова К.Ә.

# СУРЕТ

Оқу құралы

**ӘОЖ 741/744 (075)**

**КБЖ 85.15 я 73**

**Б 84**

Пікір берушілер:

Д.А. Кемешев – п.ғ.д., ОҚМПИ, профессор.

С.Н. Жанбыршиев – п.ғ.к., ОҚПУ.

Д.С. Болысбаев – п.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚМУ.

**Б 84 Буркитбаев Т.С., Кунжигитова Г.Б., Жолдасбекова Қ.А.**

Сурет: оқу құралы / Т.С. Буркитбаев, Г.Б. Кунжигитова, Қ.А. Жолдасбекова.– Алматы: Эверо, 2021.– 112 бет.

**ISBN 978-601-327-742-4**

Оқу құралы мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандартына, оқу бағдарламасына сәйкес жасалынған және тәжірибелік тапсырмаларын орындауга қажетті барлық мәліметтерді қамтиды.

Оқу құралының негізгі міндеттері - студенттердің көркемдік таным, талғамның қалыптасуына ықпал жасау, пәннің арнаулы талдау әдістерін қалыптастыру, студенттердің кәсіптік шеберлігін дамыту және өз пікірін көркемдік түрде көрсету қабілеттерін дамыту.

Оқу құралы 5B041300 – Кескіндеңе студенттеріне арналған.

**ӘОЖ 741/744 (075)**

**КБЖ 85.15 я 73**

Оқу құралы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Оқу Әдістемелік Кеңесі басуға ұсынған, №5 хаттама «26»05.2016ж.

**ISBN 978-601-327-742-4**

© Буркитбаев Т.С.,  
Кунжигитова Г.Б.,  
Жолдасбекова Қ.А., 2021  
© Эверо, 2021

## КІРІСПЕ

Сурет – бейнелеу өнерінің негізі деуге болады. Суретсіз бейнелеу өнерін кескіндеме, сәулет, композиция, мұсін сияқты бейнелеу түрін суреттен тыс қарауга болмайды. Өйткені кескіндемеші де, мұсінші де, сәулетші де суретке соқпай ете алмайды. Қайта өрлеу дәуірінің алды Микеланджело былай деген болатын: «Нобай жасау өнері – сурет – кескіндеменің де, сәулеттің де, мұсіннің де еңбек нүктесі, сурет - кез-келген ғылымның қайнар көзі мен түп-тамыры». Сурет қалам, көмір, сангина, қаламұш арқылы сыйып салған шығармалар жатады.

Атақты суретшілер сурет өнеріне үлкен баға беріп, сурет кез келген бейнелеу өнерінің түп қазығы деп есептеген. Суретшінің кез келген жұмысы суреттеген нобайдан басталады. Суретші жоспарланған шығармасын кенепке анық нобайын салудан бастайды.

Қайта өрлеу дәуірінің атақты мұсіншісі Б.Микеланджело бейнелеу өнерінің барлық түрлерінің қайнар бастауы мен жан жүргегі сурет деп санаған. Ч.Ченнино өзінің кескіндеме туралы трактатында «Байқасаң салтанатты қақпа арқылы жетелеп өнерге апаратын ең жетілген жетекші – ол заттан қарап бейнелеу деп жазған».

Рим империясының суретшілері бейнелеу өнеріне ұсақ кәсіп ретінде қарап, бейнелеу қабілеттерін дамытуда тек үлгіден қарап көшіру әдісімен шектеліп, әйгілі грек шеберлерінің жұмыс тәсілдерін қайталады.

«Кескіндеме туралы үш кітап енбегінде» Леон Батист Альберти бірқатар құнды әдістемелік ережелер ұсынды және бейнелеуді маңызды ғылым ретінде қарастырды.

Альберти оқыту әдістемесіне ғылыми негіздене бере отырып, сурет салу тек қолды жаттықтыру емес, ақыл-ойды жаттықтыру деп қарастырды. Бұл қағиданы басшылыққа алып кеіннен Б.Микеланджело «суретті тек қолмен емес оймен көмегімен де салады», - деген болатын.

XX ғасырдың басында Швецария педагогі Иоганн Генрих Песталоцидің ықпалымен бейнелеу өнері жалпы білім беретін мектептерде пән ретінде енгізіле бастады. Песталоцидің ұсынысы бойынша жазуға үйренбес бүрүн сурет салуға үйрену керек, өйткені суре салу дағдысы жазуды менгеруді женілдетеді.

Қандайда болмасын нақты суретпен жұмыс, заттың өзіне қарап салудан, оның пластикалық қасиетін оқып білуден басталады. Сурет салуға үйренудің алғашқы кезінде қарапайым бұйымдардың – шар, цилиндр, пирамида т.б. заттардың суретін салып, көптеген жаттығу жұмыстарын жасаған пайдалы. Мұндай қарапайым жаттығулар жазықтықта тұрған заттардың кеңістікте орналасу заңдылықтарын дұрыс ұғынуға көмектеседі. Атақты суретшілер – Ә.Қастеев, Қ.Тельжанов, А.Ғалымбаева т.б. суреттерін қалам, қыл қалам арқылы көп салғаң, арнайы уақыт беліп, нобайлар, жылдам салған суреттермен жиі айналысып отырған.

Сурет салуды жетік игеруге күн сайын жүйелі жұмыс істеу арқылы қәсіби суретшілік дәрежесіне жететінімізді әйгілі суретшілердің өмірлік тәжирибелерінен көруге болады. Сонда ғана жас суретшілер күнделікті енбектің арқасында білікті тәжирибе жинақтап, техникалық білім мен тәсілдерді игереді. Сурет салғанда қолданылатын түрлі материалдарды игеруге, олардың мүмкіндіктері мен қасиеттерін іс барысында танып білуге үйретеді.

## **СҮРЕТ: МАТЕРИАЛ МЕН ЖҰМЫСТЫҢ ӘДІСТЕРІН ИГЕРУ. ГРАФИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ**

*Мақсаты:* Суреттеу материал мен жұмыстың әдістерін сипаттау. Графика және оның түрлерінің қысқаша тарихына шолу.

Графика – гректін grapho «жазамын», «сызамын» деген сөзінен шыққан бейнелеу өнерінің бір түрі. Яғни жазық бетте бейнелеу тәсілі. Оған қолмен салынған сурет, сондай-ақ басқа да тәсілдермен (литографиялқ, гравюра, фотолитография және т.б.) орындалған суреттердің барлық түрі кіреді. Көне заманнан бері келе жатқан сурет салудың бір құралы – көмір және сангина, ал XVI ғасырдан бастап графит қолданылып келе жатыр. Ол қатты және жұмсақ болып екіге белінеді. «Графика» термині алғашында хат жазу өнері мен каллиграфияда қолданды. Ол өзінің жаңа бағытын XIX ғасыр аяғы мен XX басында кең бастаудын алыш, графика дербес жеке өнер ретінде қалыптасты. Графиканың негізгі ерекшелігі ол – сызық, қағыс (штрих), жиектеу, дақ пен өң болып саналады. Графика суретпен тығыз байланысты болып, кең ауқымды болады және баспа графикасымен ерекшеленді.

Графика – сыйба графикасы және гравюра болып белінеді. Сыйба графикасы бейнелеу өнерінің ішіндегі ең көне және жан-жақты дамыған түрі. Графикалық бейне тек бір түсті ғана емес, сонымен қатар түрлі-түсті де болады. Сыйба өнерінде штрих аса мңызды рөл ойнайды. Сыйбаның түрлері 1) қондырылған сыйба (сурет эстамп, лубок); 2) кітап, газет, журнал сыйбасы; 3) қолданбалы (грамота, диплом, марка, этикетка, жарнамалар және т.б.)

Гравюра - француздың graver «қию», «тырнау» деген қазақша баламаға келеді. Гравюра қытайда шамамен VI ғасырда пайда болып, батыс Еуропада XIII –XIV ғасырларда шығып, XVI ғасырда кемеліне жетті. Гравюра бетіне сурет ойып салынған тақтаны, сондай-ақ одан алынған басылымды айтады. Оның түрлері өте көп, алайда басты түрлері мынаidай:

- 1) офорт - металл бетіне жасалған гравюра;
- 2) ксилография - ағашқа жасалған гравюра;
- 3) линогравюра - линолиум бетіне жасалған гравюра;
- 4) литография - тас бетіне жасалған гравюра;

Металл бетіндегі гравюра – офорт. Металл бетіндегі гравюраның орындалу техникасы екі түрде болады. Олар: қышқылмен өндөліп жасалатын және қышқылмен өндөлмей жасалатын түрлер. Ксилография -бұл графиканың ағашқа жасалған түрі (грекше xylon - кесілген ағаш, grapho –жазамын) деп атайды. Гравюра қатты да серпімді ағаш кесіндісіне ойылып жасалады. Бұл гравюра штихель деп аталатын құрал қомегімен орындалады. Жұмыс кезеңі ұзақ уақыт жүріп төзімділікті талап етеді.

Литография – арнаулы әк таста салынған гравюра түрі. Алдымен тас беті мұқият тегістеледі, содан кейін оған қою жұғатын литография қаламымен не түшпен сурет салады. Одан кейін сурет сұртіліп кетпейтіндей етіп; арнайы ерітіндімен шайылып өндөледі. Линогравюра дегеніміз линолиум пайдалану арқылы орындалған гравюра түрі. Мұнда таза ленолиум бетіне дайындалған сурет салынып, штихель деген құралмен гравер жасалып, кейін баспа түрінде арнайы бояу қомегімен баспа жұмысы алынады.

Ақ қағаз бетінде графикалық жұмыс беру үшін сурет салудын, әсіресе кез келген дақ пен қағаз бетіне түскен өң ерекше маңызды. Осы дағдылар арқылы қағаз бетінде жай ғана графиканың түрлі бейнелерін құрастыруға болады. Ақ бетте қара дақ, сызық арқылы бейне көрсетіледі, көбіне графиканы қара ақ сурет деп те атайды. Алайда бұл қате түсінік. Графика кейде түсті өнде де болып келеді. Графика мен кескіндеменің шекарасы ете өткір жылжымалы келеді. Мысалға, акварель, пастель, кейде гуашь бояу құралы да бейнелеудің ерекшелігіне байланысты екі жақты болады. Ал графикада кескіндемедегі секілді ауқымды түр түстер мен реңдерден алыстал, жай ғана шектелген түстер көрсетіледі. Графиканың көркемдік ерекшелігі ол бейненің ауқымды және мазмұнды шығуына, құралдың ерекшелігіне, сызыктар мен дактардың түрлі болуында, жұмыстың алуан түрлі көрінуінде болады.

Енді графиканың ең қарапайым түрлерін сөз етсек, қағаз бетінде бір реттік басылып шыққан көркем шығарманы монотипия деп атамыз. Монотипия грек тілінен monos – «жеке», «дара» деген мағына білдіреді. Монотипияда бояулар түрі түрліше болуы мүмкін. Әдетте монотипия қағаз не картон, пластмасса бетіне майлы бояу не гуашыпен сурет салынып, онан алынған бір реттік басылымды айтамыз. Графикада монотипия техникасы жалғыз емес, сондай ақ

Акватипия және Акватушь, Грэйтаж, Эклибрис т.б түрлері бар. Акватипия (аква сөзі латынның aqua—су, сулы дегенді білдіреді) техникасында біздерге енді қағаз бен бояудан белек су қажет болады. Кез келген тегіс жылтыр бетке немесе әйнек бетіне акварельмен қез келген қызықты бейнелер салынып, оның бетінен қағазбен бір реттік басып алынған шығарманы акватипия десек, ал Акватуш қатты қағаз бетке гуашь бояуымен сурет салынып, (мүмкіндігінше ауқымды сурет ) гуашь бояуы кепкеннен кейін, үстіне барлық беті қара тушыпен жағылады. Жағындылар кепкен соң жұмысты тұгастай суға саламыз. Су бетінде гуашь бояу жағындылары еріп, тушь пен жағылған қабат ери қоймай сонда қара түсті өндө ақ астарлық қызық бейнелер пайда болады.

Эклибрис – латын тілінен ex libris нақты балама «кітаптан» деген сөз. «...кітабынан», «...кітапханасынан», «...кітап қорынан» тақырыбына кітапхананың не кітаптың белгілі бір адамға немесе мекемеге тиесілі екені қандайда бір кітап белгісімен, жазумен немесе мөрмен көрсететін графика түрі. Эклибристік жұмыстар алғаш ортағасырларда Еуропада пайда болып, кейін барлық кітапхана түріне тарады. Эклибрис кітап графикасының ерекше бөлшегі. Эклибристік графикада бейне мазмұнды келіп, таңбалы белгілермен, пейзаж бөліктері, кейде қосымша жазбалар ұрандар да кездесіп, сәнді ою өрнекті жүйелі болып келеді. Әдетте олар кітапқа өзіндік штамппен беріледі.

Графикалық жұмыстың бір түрі бүгінгі шебер-кластада болатын грэйтаж жайында қысқаша сөз етсек. Графикадағы бұл техниканың негізгі жүйесі бояу жағылған қағаз бетін тырнау арқылы бейне көрсету. Грэйтаж сөзі француз тілінен яғни gratter – «тарау», «тырнау» деген мағына береді. Бұл графика техникасымен 20 ғ. суретшілері айналысты. Ресейде алғашқы болып көптеген тамаша туындалар қалдырыған М.В. Добужинский болды.

Граттография тәсілін игеру үшін талапкер әдетте мынадай жұмыстармен бастайды. Жұмысты орынданай отырып біріншіден қағаз бетін тен етіп балауыз шаммен немесе парафинмен жағынды жағып шығып (бірнеше қабат), соナン кейін жалпақ қылқаламмен немесе мақтамен үстінгі бетін тушыпен біртекті етіп жағылады. Туштың, майлы балауыздың бетке толық жағылуын қадағалаймыз. Тушыпен қара өндік қабаттар жағылған соң, өткір затпен ине немесе пышак, тоқыма біздерімен тырналап бейне сурет салынады.

Қара өнді жінішке нәзік қағыстар (штрихтар) беріліп, нәтижесінде бейне бір женең жұмбақ күйінде көрінеді. Яғни қара өнді әсерлі ақ бейнелер пайда болады.

Шебер-кластың графикалық жұмыстарын келесі тәсілдерін қолдана отырып сия бояуларын жұмыстар қарастырылады. Сия бояулары алғашында ежелгі мысырлықтар қолданды. Біздің дәуірге дейін олар жазба үшін папирос тамырының күл мен камеди ертіндісінің, қараган мен шиенің қою шырыны қоспасын пайдаланды. Осындай құрам Қытайда 2,5 мың жыл бұрын қолданылды. Қытайлық сиялар сілттерде ерітілген күе мен шайырдың қоспасы болды. Осы сиялардың құпиясын 1876 жылы химик К.Б.Шелле ашты. Ол қандығағаш тамырларын қайнатқан кезде суға темір қышқылды темірлі тұздар беретін тері илейтін қышқылдар қосылатынын анықтады. Ерітіндінің бояуы аз, бірақ кепкен кезде темір қышқылданады және қарайды. Суда ерімейтін және жарыққа тұракты темірдің тотығы пайда болады. Қазіргі таңда өнеркәсіп жаңғақты сиялар өндірмейді, бірақ қауырсынмен жұмыс істейтін кейбір графиктер бұл сияларды өздері жасайды. Алайда бұл сиялардың кемшілігі болды: жазылғанды тек 10-12 сағаттан кейін оқуға болатын, ал оған дейін мәтін түссіз болатын. 1885 жылы саксондық мұғалім Леонгарди ализаринді сиялар ойлап тапты. Олар да галлды болды, тек түссіз - лайлы емес, қарқынды -жасыл болды. Қағаз бетінде олар таза қара түске айналады.

Соңғы кездері түрлі -түсті сиялар мен сабынның көбігі қолданатын сурет тәсілі ете танымал болып жатыр. Бұл тәсіл кәдімгі ас тұзын қолдана отырып, қосымша әсерге қол жеткізуге болатынмен қызық.

Графикалық сазуда қолданылатын таңбалардың (әріп және тыныс белгілерінін) жиынтығы, жазу таңбалары жүйесі мен тілдің фонетикалық жүйесінің ара қатынасын, байланысын білдіреді, тырнайтын, жазатын, грифель құралының көмегімен салынатын өнер түрі. Графика өнері каллиграфиямен, жазбамен тығыз байланысты деп табылады. 19ғ. дейін графика мен сурет түсініктері қатаң ажыратылып қаралды. Графика деп тек баспа техникасымен салынатындарды атаса, суретке - қолмен салынатын жұмыстарды: нобайды, нұсқа, т.б. жатқызылды.

Графика – бейнелеу өнерінің жанры. Кескіндеме жанрында тұс пен бояу негізгі рөл атқарса, графикада (гр. *graphein* гр. *grapho-*

жазамын) сыйыктар, штрихтар, ашық және қара (қанық) дақтардың арақатынасы шешуші рөл атқарады. Графикага гравюраның барлық түрлері (литография, линогравюра, ксилография), плакаттық, сатириалық сурет түрлері жатады. Бейне қаламмен, көмірмен, бормен, қаламушпен тікелей қағазға түсіріледі немесе арнайы өндөлген тақталарға (гравюра) немесе тасқа (литография) бедерленіп, қағазға содан басылады, кейде баспалық-механикалық әдіс арқылы көбейтіледі. Бейнелеу құралдарының қарапайымдылығымен әрі көп таралыммен басып шыгаруға ыңғайлылығымен графика бұқаралық байланыс, ақпарат саласында (плакаттар, пошта маркалары, эксплибистер, газет-журналдар), кітаптарды, әдеби шығармаларды безендіру үшін, әр түрлі тақырыпқа карикатура, шарж, жалпы нобай, композициялық эскиздер салу үшін, т.б. заттарды көркемдеуде кеңінен қолданылады. Графикада акварель, гуашь, пастель пайдаланылады. Графиканың көп ғасырлық тарихы бар. Батыс Еуропаның Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рембрандт, орыс халқының Орест Кипренский, Карл Брюллов, Василий Перов, Илья Репин сынды суретшілері ездерінің графикалық туындылары арқылы әлемдік бейнелеу өнері корын байытты. Қазақстандағы графикалық суреттердің ежелгі (палеолит дәүірі) үлгілеріне Балқаш, Түркістан, Маңғыстау, т.б. жерлерде жартастарға салынған суреттер жатады.

*Гравюра* (фр. *gravur* – бедер сурет) – графика өнерінің бір түрі; тақтага бедерлеп салған суреттің қағазға түсірілген көшірмесі. Бедерлену әдісіне қарай мысқа ойылып жасалатын гравюра, ағаштағы гравюра – ксилография, линолеумдегі гравюра – линогравюра, офорт, мецио-тинто, т.б.

*Оймыш гравюра* – гравюралау тәсілінің бір түрі. Оймыш гравюрага әдетте металл (мыс, қалайы, болат, т.б.) пластинкалар пайдаланылады. Бұл материалдарға арнаулы аспаптар арқылы бедерленген суреттердің бетіне бояу жағылады да, соның үстінен қағаз салынып, көшірме әлгі сыйыктардағы бояудың қағазға сізірілуі арқылы алынады. Оймыш гравюраның басты түрлері: бедерлі гравюра, офорт, акватина, жұмсақ лак, лавис, мецио-тинто, «құрғақ ине», «пунктирлі ырғақ», т.б. Оймыш гравюраның ағашқа бедерлеу арқылы жасалатын алғашқы нұсқалары Қытайды VI ғасырдың аяғында, Батыс Еуропада Қайта өркендеу дәүірінде, Нидерланды мен Германияда XV ғасырда, темірге түсірілген

түрлөрі XVII ғасырда, түрлі-түсті оймыш гравюра XVIII ғасырда (Англия, Франция), ал Қазақстанда XX ғасырдың ортасына қарай пайда болды.

*Линогравюра* (лат. *linum* – зығыр, кездеме және лат. *oleum* – май) – линолеум немесе сол тектес материалға салынатын бедерлі өрнек, сурет.

Гравюра тарихының тамыры теренген басталады. Оның Отаны - Қытай. Еуропада гравюра XIII ғасырда пайда болды. XV және XVI ғасырлар - бұл ағаш гравюрасының ғулденген кезі, бұл кезде бейнелеу өнерін графикалық шешімдердің жаңа пішіндерімен байыта түскен тамаша шеберлер пайда болды. Ағаш гравюрасы кеңінен таралды. Қытай мен Жапонияның граверлері халықтың тұрмыс-тіршілігіне арналған сюжеттерді жаратты: осы нақыштардың баспа таңбалары үйдің қажетті сәндік бұйымына айналды.

Жапонияда түрлі-түсті гравюра кең таралды, ол XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың алғашқы жартысында Утамаро, Хокусае сияқты суртшілердің шығармашылығында тамаша жетістіктерге кенелді.

Еуропада алдымен станоктық гравюра, соңынан кітап гравюрасы пайда болды. Әсіресе, ол Германияда XV - XVI ғасырларда өркендей түсті. Мұнда керемет суретшілер жұмыс істеді, олар «ойып өрнек салушы» шеберлермен бірге әлемдік графика өнерінің ұлы туындыларын жаратты.

Альбрехт Дюрердің (1471-1528) «Ақырзаман», «Мәрияның өмірі», «Ерекше құштарлық» гравюраларының сериялары – ағаштан ойып өрнек жасау өнерінің шындары болып келеді. А.Дюрердің көпшілік гравюралары Нюрибергтік шебер Иероним Андре жасаған ағашта орындалды.

Неміс суретшісі Кіші Ганс Гольбейннің (1497-1543) туындылары өзіндік ерекшеліктерге ие. Оның шығармалары кесу гравюрасының тамаша туындылары болып табылады. Бұл гравюралар Ганс Люцельбургерлер орындаған кесу нәзіктілігімен де таң қалдырады. Ол гравюраларының көпшілігін Г.Гольбейннің суреттері бойынша жасаған.

XVIII ғасырда ұзына бойы кесу гравюрасы өз мәнін жоғалтып, дөңбек кесіндімен (кеспелтек) орын аудысады. Гравюра өнеріндегі бұл революцияны жасаған ағылшын гравер Т.Бьюик (1753- 1828). Т.Бьюик гравюралық аспаппен кесті, ол аспапты мыс тақтамен

жұмыс істей отырып менгеріп алды. Бұл жағдай оны бұдан да тығыз ағаш түрлерімен жұмыс істеуге ұмтылдырды. Т.Бьюик дәуірінен бастап гравюра өзіндік үндестікке ие болып, шөркелерге (торец) бөлінді немесе қавказ шемшатын штихелдерге бөлді. Т.Бьюик шамшат ағашын пайдаланды. Ағаштың бұл түрлері жеке мен алмұртқа қарағанда көлдененинен өндеді. Сондықтан мұндай гравюра «кеспелтек» деп аталды. Қатты ағаштардың серпінділігі кесудің нәзік технологиясына жүгінуге және материалды өндеде тәсілін түрлендіре тусуге мүмкіндік берді. Т.Бьюик негізінен өз суреттері бойынша нақыш жасады, оның езінің шеберханасы мен шәкірттері болды. Оның «Англия құстары» деген гравюралар сериясы керемет туынды болып саналады. Т.Бьюик ойлап тапқан кеспелтек гравюра Еуропада жылдам тарады. Париж гравюра өнерінде өз шеберліктерін шындау үшін бүкіл еуропадан шеберлер ағылып келе бастаған орталыққа айналды. Француз суретшілері: Доре, Гаварии, Гранвиль, Домье; граверлер: Пантемакер, Пизан басқалармен біріге отырып, сол кездегі ең үздік ғимараттарды безендірген тамаша гравюралар жасады. Доренің туындылары - әлемдік иллюстрацияның жаунарлары болып есептелінді. Парижде орыс граверлері де тәлім алды – алғашқы орыс академик гравері Л.А.Серяков (1824-1881), В.В. Матэ (1856-1917) және т.б.

Неміс кеспелтек гравюрасының тарихында Адольф Менцель (1815-1895) үлкен рөл атқарды, ол отандық граверлерден өз суреттерін ағаш арқылы түсіруді талап етті. Оның суреттерін Унцельман, Фогель, Кречмар граверледі.

XIX ғасырдың соңына қарай жоғары баспа өнері бойынша репродукциялаудың бірден-бір тәсілі болған репродукциялық кеспелтек гравюра суретті фотомеханикалық тәсілде қайта жаңғыру арқылы ығыстырылып шығарылды. Гравюра езінің қызметтік рөлінен айрылды. Авторлық гравюраның жаңа түрлері пайда болды. Жаңа гравюраның өкілдері француздар О.Липера және Ф.Валлотон болды, олар түрлі шығармашылық тәсілдердің мүмкіндіктерін кеңінен көрсете алды.

Ресейде гравюра өнері XVI ғасырдың ортасында өркендей басталды. XVI ғасырдың бастап Ежелгі Ресейде оюлы гравюра кен тарапты, жоғары деңгейге жетті. Бұрынғы кітап гравюраларының түрі ою сипаттына қарай ежелгі орыс кітаптарының дәстүрі іздерінен құралды.

Кейбір гравюралар сәнділігімен және жоғары орындалу технологиясымен тан калдырады. Рессейде кеспелтек гравюраның пайда болуы 1825 жылдардан басталады. Кеспелтек гравюраның ең үздік дәстүрлерін менгеруге талпынған тұңғыш орыс ксилографы К.К.Клодт (1807-1879) болды. Ол Францияда, Германияда білім алды. Оның шәкірті сол дәуірдің гравюра өнерінде жетекші орын алған академик Л.А.Серяков болды.

Орыс ксилографиясының тарихында А.А.Агиннің Н.В.Гогольдің «Өлі жандарына» арнаған суреті зор маңызға ие болды. Бұл серия сол дәуірдің үздік туындылары деп танылған Еуропалық үлгілерден кем түспейді. Л.А.Серяковтың шәкірті әрі дәстүрін жалғастырушы В.В.Мато болды. В.В.Мато орыс ағаш гравюра технологиясын жаңа тәсілдермен жаңдандырды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан соң ағаш гравюрасы жақсы дамыды, ксилография кітапта, плакатта, эстамп туындыларында қолданылды. А.П. Остроумова – Лебедева, И.Н.Павлов, А.И.Кравченко сияқты шеберлер әлемге танымал болды.

Граверлеу – ағаш немесе темір тақталарда сурет ою өнері. «Граверлеу» сезінен гравюра ұғымы келіп шыққан. Гравюра – сонынан басылуы үшін сурет ойып жазылған ағаш немесе темір тақта, бір қағаздағы баспалы таңба да гравюра аталау мүмкін. Гравюра дөнеш немесе терен болуы мүмкін. Томпак гравюрамен басу кезінде бояумен бедерлі бөлігін бояйды, сол беті мөр болып түседі. Терендітілген гравюрада бояу тақтадағы сызық терендіктерін толтырады, ал бедерден шүбереклен сүртіп алынады, бұл жағдайда бояу қысым арқылы сызық терендіктерінен таңба басады. Таңбаның күші сызықтың терендік дәрежесіне және онда қалған бояудың мөлшеріне байланысты. Терендітілген гравюраның негізгі материалы мыс, сондықтан ол мыстағы гравюра деп аталады.

Дөнеш гравюра ағашқа пайдаланылады, соның салдарынан оны ксилография деп атайды. «Ксилография» сезі гректің екі сезінен келіп шыққан: «хулон» – ағаш және «графо» – жазамын, сурет саламын. Ағашта және линолеумде граверлеу – графиканың қызықты саласы.

Ксилография (гр. *xylon* – ағаш, гр. *grapho* – жазамын) – ағашқа жасалған гравюра. Бұл гравюра қатты да серпімді ағаш кесіндісіне ойып салынады. Негізінен гравюрага қатты ағаш кесінділері –

алмұрт, саңшит, күрмә пайдаланылады. Гравюрада ақ болып қалуға тиісті жерлер штихель деп аталатын арнаулы қашаумен шұңқырлап ойылады, ал әлгіндей қашау тимеген жерлер қағаз бетінде қап-қара боп бедерленеді. Бейнелейтін сурет ағаш бетінде түгелімен қашалып болғаннан кейін, тақтайға баспаҳана бояуы жағылады да, үстіне қағаз жапсырылып, арнайы сырғытпа донғалақпен әрлі-берлі тапталып тегістеледі. Осылай гравюра (ксилография) басылып шығады. Ксилография алғаш рет Қытайды (VI ғ.) пайда болып, кейіннен Еуропага (XVI ғ.) жетті. Оның айтулы шебері ағылшын графигі Т.Бьюик болды. Орыс суретшілерінен ксилографиямен В.Фаварский, А.Остроумова-Лебедева айналысты.

#### *Бақылау сұрақтары:*

1. Суреттеу материалдарына нелер жатады?
2. Суреттеу әдістері қандай?
3. Графика тарихына шолу жасау
4. Графика түрлері қандай?

## **СУРЕТТИҚ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ. КӨРКЕМ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ СУРЕТТЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**Мақсаты:** Суреттің негізгі элементтерімен танысу. Көркем материалдардың суреттеу технологиясымен танысу.

Суреттің негізгі элементтеріне сызық, нүкте, штрих және дақ жатады. Суреттің негізгі элементтеріне сәйкес қағаздағы графикалық бейнелерді төрт негізгі топқа бөлінеді:

1. Сызықтық бейнелер (бейнелердің негізінде сызық алынады);
2. Штрихты (бейнелердің негізінде штрихты бейнелер алынады);
3. Дақты (бейнелердің негізінде дақ, жиекті бейнелер алынады);
4. Нүктелі және 11 аралас топтар, графикалық бейнелерді төрт негізгі топтардың арасында негізінде құрылады:

1. Сызық және нүкте;
2. Сызық және дақ;
3. Нүкте және сызық;
4. Нүкте және дақ;
5. Дақ және штрих;
6. Дақ және нүкте;
7. Сызық, дақ және штрих;
8. Нүкте, сызық және дақ;
9. Дақ, нүкте және штрих;
10. Нүкте, сызық және штрих;
11. Нүкте, дақ, штрих және сызық.

*Штрих* (нем. strich, strichen сызық жүргізу) - сызық тарту, нүктелеп сызу; суреттің негізгі элементтерінің бірі. Штрих заттың сыртқы түрі мен кейіпін бейнелеуде қолданылады. *Штрихтың* орнықты жүйелері (штрихтау тәсілі) арқылы сәуле мен көленкे, рен туындуға және пішімді модельдеу мүмкіндігіне жету болады. Аталған нұсқаларды шығармашылық жұмыстарда қолдану оқушыларға қызықты бейнелерді құрастыруға мүмкіндік береді, түрлі әдістерді қолдану шығармашылық жұмысқа өзгеше қолтаңба және мінездеме береді.

Қағаз (парсыша: چەڭ — «кағоз») — өсімдік талшықтарын белгілі бір тәсілмен өңдеу және бір-бірімен ұйыстыру байланыстыру арқылы жұқа парақ түрінде жасалатын материал. Италияниша *bambagia*, яғни мақта деген ұғымды білдіреді; кейін осыдан барып қағаз сөзі өмірге келді. Қағаз өндіру үшін әр түрлі ағаштар мен бір жылдық өсімдіктер целлюлозасы және ағаш массасы (уатылған ағашқа су араластырылған талшықты қойыртпақ) жұмысалады. Қасиетін жогарылату үшін қағаз массасына (қағаз және картон жасау үшін пайдаланылатын ұнтақталған талшықты материалдар, су, үстемелер, бояғыш, желімдегіш заттар қоспасы) қосынша минералдық үстемелер қосады: минералдық заттар (каолин, тальк, т.б.) қағаз түсін ағартады, тығыздығы мен тегістігін арттырады және жақсы баспалық қасиеттер (мелдір емес, бояу жұғатын, т.б.) береді; желімдік материалдар (канифоль желім, крахмал, шайыр, т.б.) қағаздың сия сормайтын қасиетін және парақтың беріктігі мен тығыздығын арттырады; кейір қағаз түрлерін жасауда бояғыштар, химиялық талшықтар, т.б. қолданылады.

Қағаз тұнғыш рет II ғасырда Қытайда жасалды, Еуропада XI-XII ғасырларда пайда болды. Оған негізгі материал ретінде зығыр, мақта, кендір пайдаланылды. Қағаз өндіру кітап басу мүмкіндігі ашылғаннан кейін қауырт дамыды. XVII-XVIII ғасырлар аралығында Голландияда ұнтақтауыш жаңа аппараттың – ролидың жасалуы және француздық Николас Луи Робер ұсынған (1799) механикалық әдіспен үздіксіз қағаз құю әдісі шыққаннан бастап, машиналық өндіріс пайда болды. Шикізат есебінде ағаш, целлюлоза талшықтары қолданылды. Қағаздың 600-ден астам түрі бар, олар 11 топқа бөлінеді, төменде бірнеше топтың сипаттамасы берілді:

1. баспалық қағаз (баспаханалық, оффсеттік, иллюстрациялық, картографиялық, т.б.) – тегістігімен, түсінің ақтығымен ерекшеленеді, баспа бояуы жақсы жұғылады. Тұсқағаздар мен газеттік қағаздар да осы топқа кіреді;

2. жазбалық қағаз (жазуға, конверттік, карточкалық, т.б. пошта қажеттілігіне арналған қағаздар) – бетінің жылтырлығымен, жақсы желімделгіштігімен және сия сормайтындығымен ерекшеленеді;

3. сыйба және сурет салу қағазы (сурет салу, сыйба сыйзу қағаздары, сыйбалық мелдір және калькалық), әдетте толтырғышсыз (немесе аздап қосылған) массадан жасалады;

**4.** сініргіш қағаз (сүзгілік, сорғыштық, т.б.) фибра, жарғақ, сәнитарлық-гигиеналық бұйымдар, т.б. өндіру үшін қолданылады, олар кеуектеу келеді және сұйықты жақсы сініреді.

**5.** аппараттық қағаз (таспалық, перфокарталық, т.б.) ете жоғары механикалық беріктігімен және жарық сезгіштігімен сипатталады, олар фотографиялық және жарықпен көшіруге қажетті, т.б. қағаз жасауға пайдаланылады;

**6.** қошірмелік қағаз ариайы өңделіп дайындалады;

**7.** орамдық қағаз тағамдық және өнеркәсіптік бұйымдарды орауга, бууға, т.б. пайдаланылады, олар берік талшықты материалдардан және өндіріс қалдықтарынан жасалады;

**8.** өнеркәсіптік-техникалық қағаз патрон, зімпара, диффузор жасауға, жіпке қосуға, дыбыс жазуға қолданылады. Қағаз массасын дайындау бірнеше сатыдан өтеді: талшықты материалдарды ұнтақтау, талшық түріне орай құрам дайындау, массаны бояу, желімдік ерітінді және үстемелер даярлау.

**Қағаз пішімі** — см. өлшемінде берілген стандартты қағаз табағының ені мен ұзындығы: 60x90; 70x90; 70x108; 84x108; 90x120 т.б. қ.п болады.

Сурет салу үшін кез келген сападағы қағаз қолданылады. Сурет салу шеберлігі артуымен қатар жоғары сападағы қағазды алға болады. Қазіргі уақытта өндірісте түрлі жаңа, ақ және ренді қағаздарды шығарады. Жаңа түрдегі, түсті, бедерлі қағаздар график-суретшінің шығармашылық алаңындағы іс-әрекеттердің ерісін көнектеді. Қағаздың рені көркем шешімінің белімі ретінде қарастырылады. Бұл қасиет белсенді шығармашылық міндеттерін шешеді.

Тегіс, жылтыр қағаздар қаламұш және тушыпен, фломастерлермен жұмыс істеу үшін қолданылады. Жұмсақ, бедерлі, салқын басылымды қағаздар түрлері акварель бояу, қалам (қара және түрлі түсті), пастель, көмір және түрлі жұмсақ қасиетті материалдармен жұмыс істеу үшін қолданылады.

Қағаз ақ, түсті, жұқа, тығыз, тығыз, бедерлі түрлерге бөлінеді. Қағаздың майда- дәнді, орта дәнді, ірі дәнді көлемдері ажыратылады. Алдыңғы екеуі түрлі сурет технологиясында жұмыс жасауға сәйкес келеді. Жоғары сападағы қағаздың бұрышында сулы түрде орындалған жоғары сапа белгілері көрсетіледі.

Ренді қағаз пастель, көмір, тушыпен жұмыстарға арналған. Түсті қағаздар тушь, қаламұш, пастель, ал ак қағаз кез келген материалдармен жұмыстарға арналады. Тушыпен тегіс бетті қағазда жұмыс істең кезде тушь жайылмай, тамшыларға жиналмауға тиіс. Аталған жұмыстарға ыстық басылымды картон сапалары сәйкес келеді. Олардың беті тегіс, жылтыр бетті, сорғыш қасиетті қағаздар. Салқын басылымды картон кем тегісті, сол себептен суреттердің сызықтары жұмсақ, анық емес көрінеді. Лавсанды, ақетатты қағаздарды сурет сызықтарының нақтылығын, жіңішкелігін талап ететін суретшілер таңдайды.

Бедерлі қағаздардың бетіндегі суреттер дөрекілеу көрінеді.

Қағаздардың бедерлері суреттерге арнағы анықтылығын береді.

Сурет салу үшін сызу және сурет қағазы деп аталағын жартылай ватман қағазы қолданылады. Сурет салуға жылтыр, жұқа, жұмсақ немесе ете қалың, бедерлі қағаздар мулдем жарамайды. Қағаздың бедерлігі немесе жылтырлығы суретті өндөуге қолайсыздықты туғызады, ал жұмсақ қағаз тез сарғайып кетеді. Бұл қағаздарға тек жұмсақ заттармен - сангинамен, көмірмен, ал жылтыр қағазға тек қана тушыпен және қалам ұшпен сурет салған ынғайлды.

*Көркем материалдардың суреттейу графикасы. Жұмсақ материалдарға*

пастель, көмір, сангина, соус жатады. Олар ренді қарым-қатынаста көркем нақтылық, жеңілдік, түрлілік, рендік созылу кабілеттеріне ие.

Пастель дегеніміз (фр. *pastel*, итал. *pastello*, қысқаша *pasta* - қамыр): сырты қапталмаган, құрғақ әрі жұмсақ түрлі-түсті қаламдар. Пастель ұнтақталған пигменттерге желімді зат, бор, сұт, гипс, түсті пигмент, байланыстырылғыш гуммиарабик т.б. қосындылары араластырылу арқылы жасалынады. Пастельді бейнелерді қатырма қағаздарға, жакла қабатты кенепке, пергамент бетіне салуға болады. Түрлі рендер алу үшін бор, тальк, каолин қолданылады. Пигмент, байланыстырылғыш заттың түрлі көлемдері пастельге түрлі жұмсақтық қасиетін береді. Пастель борлары – мөлдір емес құрылымдар, жеңіл бейнелегіш құрылым негізде араластыру, бір рендиң үстіне екінші ренді, жарық пен көленкенің қарым-қатынасын бейнелеу мүмкіндігін береді. Пастельдің шашылмауын алдын алу үшін 15-20 см қашықтықтан фиксатор-

аэрозоль қолданады. Пастель XV ғасырдың 2-жартысында пайда болып, XVIII ғасырда (М.К. де Латур, Ж.Б.Перронно, Ж.Э.Лиотар) дамыды. XIX - XX ғасырларда (Ж.Ф.Милле, Э.Дега, В.Л.Боровиковский, А.Г.Венецианов, И.И.Левитан, С.В.Малютин, В.В.Лебедев т.б.) көң тарады, қазак суретшісі А.Ғалымбаева көптеген енбектерін пастельмен бейнеледі.

*Көмірлі таяқшалар* - ағаштың күйдірілген бұтағынан жасалынады. Көмір таяқшалары күйдіру әдісіне байланысты - жұмсақ, қатты, орташа жұмсақтықта болып бөлінеді. Басылған көмір таяқшалары терендеу реңін береді. Көмір таяқшалармен жұмыстарға салқын басылымды қағаздар, жартылай ватман, картон, агат, торшон және т.б. бедерлі бетті қағаздар қолданылады. Көмір таяқшалармен қысқа мерзімді, терен реңді суреттер, нұсқалар (портретті нұсқалар, адам денелерінің нұсқалары) бейнеленеді.

Көмір таяқшаларын ағаштардың жіңішке бұтақтарын отқа жағу арқылы дайындал алуға болады. Ол үшін биіктігі - 20-25 см консервілі қалбырына құргақ құм толтырады, ішіне қабығы аршылған, биіктігі қалбырдың бойында шыбықтарды шаншиды. Кейін қалбырдың бетін жауып отқа қыздырады. Шыбықтар әбден күйген кезде оттан шығарып алғып, сұытады және таяқшаларды сол күйінде пайдаланады. Қолдан дайындалған көмір таяқшаларына өсімдікten жасалған желім қосылады. Көмір таяқшаларының сзызықтары бұдырлы қағаздарға жақсы жұгады. Графит қалам және көмірмен салынған суреттерді ұзак сақтау қыын, сондықтан көмескілешін немесе өшіп кетпеуді үшін оларды фиксаторлар арқылы өндөу керек.

*Сангина* - түсті, қатты, жұмсақ, орташа жұмсақ, цилиндр пішінің, 9-10 см ұзындық көлеміндегі пішіндер. Сангина ашық және күнгірт түсті болады. «Сангина» француз тілінен «қан» деген мағынаны білдіреді, бұл қызыл-коңыр түстерге байланысты. Сангина құрамына темір төтігі, бор және байланыстырылғыш заттар кіреді. Сангина көмір сияқты пішіннің жарық-көленгелі бейнелеуге мүмкіндік береді.

*Соус* сангинадан сұрлы-күнгірт және сұрлы-жарық түстерімен ажыратылады. Соуспен ылғалды қағаз бетіне бейнелеуге болады. Соусты ұнтақтаап суга араластырса қылқаламмен бейнелеуге болады. Соусты және сангиналы суреттерді бекіту үшін шашқа ариалған лакты қолдануға болады.

Жұмсақ көркем материалдармен жұмыс істеу әдістері жарық-көлеңке зандылықтарын, заттардың материалдығын менгеру үрдісін жылдамдатады.

Тушь – уақыт өте келе өзінің қасиетін жоғалтып алмайтын қара бояу - (фр. *Tusche encre de Chine*) - сұйық, жұғымды қара бояу. Басқа бояуларға қарағанда көпкө дейін өңін өзгертиейді; су қосу арқылы сұр рең алуға болады. Тушь көмегімен штрих, қую, жуу әдістерін қолданып сурет салу, көркем жазуға өте қолайлы. Тушьпен сурет салуда қаламұш, қылқалам қолданылады. Бояудың бұл түрі Ежелгі Қытай кескіндемесінде, кейіннен Корея мен Жапония, Орта Азия, XV - XVII ғасырларда Еуропа бейнелеу өнерінде кең етек алды. Тушь құрамында су, канықтылық және күнгірттілік қасиетті бейнелер бейнелеуге мүмкіндік беретін графит түйіршіктері бар. Түрлі тұнбалар ағаш, мұнай ерітінен өндіріледі. Таң көмір бояғыштарынан түрлі-түсті тушь алынады. Тушь қызыл, сары, кек, жасыл, ақ, алтын, күміс, қара, сұйық, концентрлі болу мүмкін.

Ежелде тушь жазу жазуға, сурет салуға алдымен Қытайда, одан Корея, Жапон, XV-XVII<sup>ff.</sup> бастап Европада қолдана бастады. Ежелде тушь қылтаң жапырақты ағаштарды жандырудан қалатын қалдық қорынан, өсімдік майы және шайырдан жасаған. XX<sup>ff.</sup> басынан тушь газ, мұнай, мұнай өнімдерін жандырудан қалатын қалдық қорынан жасалған.

Тушьпен жұмыс істеуден алдын сапасы тексерілу керек. Тушьпен жұмыс істеуге арналған бірнеше кеңес:


- үнемі сапалы құралдар мен қағаздарды таңдаңыз;
- қаламұш және тушьпен жұмыс істегендеге тегіс және жылтыр қағаз алынады;
- тушьпен жұмыс істеуден алдын оның сапасын тексерініз;
- тушьпен қағаздың қарым-қатынасын тексерініз.

*Құралдар*. Тушьпен қағазда қаламұш және рапидограф көмегімен жұмыс істейді. Орта ғасырларда түрліше кесілген қазы, бамбук, тростник қанаттарымен жазған.

100 жыл бұрын қаламұштарды болаттан жасаған. Қазіргі уақытта қаламұштар түрлі құрылымды «ожуқа», «қалын» бүктелген жерінде бір немесе бірнеше ойықтары бар иелген металл қанылтырдан жасалынады. Қаламұштың сиямен жазатын қаламсапқа сұғатын мойыны болады. Жалпақтығы 0,3-тен 2 см-ге

дейін жететін қаламұштар топтастырылып шығарылады. Олар қағазға түш және гуашып жұмыс істеу үшін қолданады. Осындай плакатты қаламұштарды ағаштан жасап алуға болады (2): ол үшін жіңішке ағаш кесіндісін немесе пайдаланылған қылқаламның сабын басынан күрекше тәрізді жонып, оның ортасынан қарлығаштың құйрығына ұқсатып айырық жасайды. Бұған шайырыз қатты ағаштар (мысалы, шамшат, қайың, самшит) пайдаланылады.

Дөңгелек ұшты редис қаламұшы (3) кәдімгі қаламұшқа ұқсайды, бірақ оның ұшы диск тәрізді жалпақ болып келеді. Оның диаметрі қаламұшпен жүргізілетін штрихтың енін көрсетеді. Редис қаламұшы, плакаттық қаламұштар сиякты, түрлі жалпақтықта (0,05-тен, 1,3 см-ге дейін) топтастырылып шығарылады. Редис қаламұшпен жазылған әріптер ендік қалыңдығы бірдей штрихтарды құрайды. (Сурет 1-2)



Сурет 1. Қаламұш түрлері

Негізгі және қосымша штрихтардың арасын қанық көрсетеү үшін жалпақ ұшты рондо қаламұштар (4) қолданылады. Бұлар жазылатын ұшының жалпақтығына байланысты түрлі номерлі бол келеді.


Ең ұсақ курсивтік шрифтер (мысалы, грамоталардағы) жіңішке қаламұштармен жазылады.

Әрине, ұсақ шрифтерді (мысалы, көрме этикеткаларын) қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүрген фломастерлермен де жазуға болады. Әсіреке олар шабылған түзу шрифтерді жазуга ете ыңғайлы.

Қаламұшпен салынған суреттерді кітаптардан, газет-журналдардың беттерінен көруге болады. Бұл — графиканың ең көп тараған түрі. Мұндай әдісті Рембрандт тамаша менгерген. Қаламұшпен сурет салу технологиясы түрлі: түзу немесе үзік қара сызықтар, түрлі бағыттағы штрихтар, тушыпен боялған дақтар.

Мұндай техникада кеңістік сызықтық перспектива мен түрлі қанықтылықта және бағытта сызылған штрихтармен көрсетіледі. Алыстағы көрініс /артқы жоспар/ ете женіл кейде үзік сызықтармен, ал жақын көріністер /алдыңғы жоспар/ кою штрихтармен көрсетіледі.

Қаламұшпен сурет салу ерекше назарды, ұқыптылықты қажет етеді. Сурет салушыны нақты бейнеден ең маңыздысын таңдап алуға мәжбүрлеп, көз мөлшерін дамытады. Сонымен қатар мұндай суреттердің қатаңдыққа, дәлдік пен сенімділікке тәрбиелеуде маңызы зор. Тушь штрихтары өшіргішпен өшірілмейді, сондықтан да бұл әдісте қате жіберуге болмайды.



Сурет 2. Жалпақ үшты, редис тәрізді, курсив шрифттерді жазатын, ағаштан жасалған қаламұштар.

Нобайлар мен суреттерді бірден қаламұшпен салса, шынайы көрінеді. Егер де ұзак мерзімді сурет болса, тек қана қатты қаламмен белгі салынады. Қаламмен сурет салған сияқты, қаламұшпен жұмыс негізгі пропорцияларды нүктелермен немесе қыска штрихтармен белгілеуден бастайды. Содан соң жартылай көлеңкені көрсетіп, әрмен қарай жетілдіреді. Штрих бағыттары заттың пішініне сәйкес келгені жөн.

Қаламұшпен сурет салу тығыз қағазға орындалады. Өйткені қаламұш қағаз бетінде еркін қозғалып, тушь жайылып кеппеу керек. Соңдықтан, кедір-бұдырылы, әр түрлі дақтары бар қағаз жарамсыз.

Құралдардың әдеттен аздығы арқасында қаламұш технологиясы суретшіні модельді өте мүккіят талдаپ, ондағы ең басты және елеулі нәрсени ұстап қалуға үйретеді. Нәк қаламұш технологиясын жаңа бастаған суретшіге ұсынуға болады — ол әрбір штрих үшін жауапкершілік сезімін бойға сініреді.

Қаламұшпен сурет салу тушь немесе сия (қара немесе қара-қоңыр түсті) көмегімен жасалынады. Жорық жағдайында сурет салған кезде, оның сыйықтары аздаپ біртекестігімен және монореңділігімен ерекшеленетініне қарамастан, қара сиясы бар әдеттегі қаламұш автоқаламын пайдаланған ыңғайлы. Соңғы жылдары фломастерлер, қаламұштардың орнына фетр немесе бамбук білтілері бар автоқаламдар өте кен тарады.

Қаламұшпен және фломастермен жұмыс істеу үшін тегіс тығыз қағаз қолданылады. Кедір-бұдырылы қағазға қаламұшпен сурет салуға болмайды: қаламұш оның бетімен ауыр жылжиды және ол қозғалысында суретшінің қолынан гөрі қағаздың кездейсоқ кедір-бұдырына бағынады. (Сурет 3)

Қауырсындармен сурет салу өте қызықты мүмкіндіктерді ашады. Қамыс қаламұштар деп тек қамыстан жасалған қаламұштардыға емес, сонымен бірге басқа да жеткілікті дәрежеде мықты және зақымданған күйс сабактардан, мысалы, қатты, жақсы кептірілген қара бидай мен бидайдың сабанынан жасалған қаламұштарды атайды. Осындай қауырсындармен Қайта Өрлеу дәүірінің ұлы суретшілері — Микеланджело, Рафаэль, Рембрандт сурет салды. Қауырсындардың болат қаламұштардан бірқатар артықшылықтары бар: қамыс пен қаз қаламұштардың беретін сыйықтары жіңішке де, жуан да бола алады, қаламұш қағаз бетінде, оның кедір-бұдырына тимей жұмсақ жылжиды.

### *Кеңестер мен ұсыныстар:*

- Жұмыс істеу үшін үш түрлі қаламұштар таңдалу тиіс: кәдімгі, жұқа және қалың штрихтары үшін.
- Қаламұш темір немесе пластикалық қорапшаларда сақталуы тиіс.
- Деформацияға ұшыраған қаламұштар ауыстырылуы тиіс.
- Қаламұшқа көп тушь алудың қажеті жоқ.
- Жұмыстан кейін қаламұштар жуылу тиіс.


Рапидограф – тушь толтырылып жазуға, сызуға арналған қаламсап. Рапидографтың диаметрті 30 түрлі болады, мысалы, 0,13-2 мм диаметрлі. Диаметр өлшемі суретке сәйкес алынады. Жазу мен сызу кезінде рапидографты жұмыс жазықтығына перпендикуляр ұстау керек.

*Қалам.* Сурет салу үшін суретшілер өте көп аспаптар мен материалдарды пайдаланады. Олардың ішіндегі кең тарағаны - графит қаламы. Ежелгі римдіктер күміс немесе қорғасын қаламдарды пайдаланған. Ортағасырда пайдалануға қалайыдан және қалайы мен қорғасынның қоспасынан жасалған қаламдар қосылды. Қаламдардың ізі пергаментте нашар сақталатын, сондыктан олар дербес жұмыстар үшін пайдалануға жарамсыз болды, олар тек алдын-ала нобайлар сыйып алуға ғана пайдаланылып, кейін нобайлар қаламұш немесе қылқаламмен бастырылған.

XIII ғасырдың аяғында Европада қағаз пайда болды. Бұл жағдай металл қаламдардың мүмкіндігін ұлғайтты, бірақ металл қаламдар қағаз бетінде де өте бозғылт сзықтарды берді, сондыктан үлкен қанықтылыққа жету үшін қағазды алдын-ала گрунттап отырды. Күміс қаламның штрихтары біршама уақыт еткеннен кейік тотығып, қызыл-қоңыр түске ие болып айқынырақ көзге түсетін болды. Күміс қалам өте жіцішке штрих жасауға, пішінді мүқият бейнелеп шығуға мүмкіндік берді. Қайта өрлеу дәүірінің ұлы шеберлері — Боттичelli, Гольбейн, Рафаэль және т.б. күміс қаламдарды пайдаланды.

XVI ғасырдың екінші жартысында Англияда графиттің табылуы графика саласында революция жасады. Металл қаламдардың орнына қара түсті әрі арзан графит қаламдар келді. Бірақ олардың да ірі кемшиліктері анықталды, олар: ластағыш, қағаз бетінә жақсы жүкпайтын, оп-оңай сынып қалатын қасиеттері. Тек

XVIII ғасырдың аяғында француз механигі Гонте, графит ұнтағын тиімді пропорцияда сазбалшықпен араластыра отырып, біз қазір пайдаланып жүрген қаламның құрамын ойлап тапты. Графит қаламның ерекшелігі - оның штрихтарының металл түстес жеңіл реңкте болуы. Графит қаламдардың қаттылығы түрліше дәрежеде үлкен мөлшерде шығарылады. Қаламдардың 13 қаттылық дәрежесі бар, олардың қаттырақтары Т әрпімен (1T-дан 7 T-ға дейін), жұмсақтары М әрпімен (1M-нен 5 M-ге дейін) белгіленеді. ТМ қаламдары орташа қасиеттерге ие болады. Сол сияқты шетелдік қаламдар Н (ағылшынша hard — катты) және В (black — қара) әріптерімен белгіленеді.




Сурет 3. Рапидограф

Сурет салу үшін 1 M-нен 5 M-ге дейінгі маркілі біршама жұмсақ қаламдарды пайдалану ыңғайлы болады. Бұл қаламдар бозғылт ренктен қарага дейінгі өндік градациялар диапазонын бере алады, олар штрихтау немесе ысқылаш жағу технологиялар арқылы жүзеге асырылады. Ысқылаш жағу әдісінде екі шеті ұшталған жұмсақ қағаздан тығыз шиыршықталған кішкентай шиыршық, жай шуберек немесе мақтаны да пайдалануға болады.

Сурет салатын қаламдар қатты-жұмсақтығына қарай мынадай түрлерге бөлінеді: 6Т, 5Т, 4Т, 3Т, 2Т, Т, ТМ, М, 2М, 3М, 6М, бұлар латынша келесі түрлерге сәйкес келеді: 6Н, Н, НВ, 2В, 3В, 4В т.с. Қаламды жазуы бар жағынан ұштамау керек. Жартысынан азы қалған қаламмен сурет салу өте қолайсыз болған жағдайда оны ариаулы түтікке орнатып, ұзартып пайдаланған жөн.

Сурет салуды жетік игеруге күн сайын жүйелі жұмыс істеу арқылы ғана жүзеге асырылады, суретші тәжірибе жинақтап, техникалық білім мен тәсілдерді игереді. Өткен және қазіргі заманғы шеберлердің сурет салу технологиясын зерттең, үйренген жөн. Мұның өзі суретшінің ой-өрісін көнектіп, сурет салудың сан алудан тәсілдерімен танысуына көмектеседі, сондай-ақ сурет салғанда қолданылатын түрлі материалдарды игеруге, олардың мүмкіндіктері мен қасиеттерін іс барысында танып білуге үйретеді.

*Сурет салу сауаттылығына үйрету. Сурет салғанда қолды қалай ұсташау керек? Қаламды үш саусақпен (бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақ) ғана ұсташау керек. Қаламмен қысқа сызықтарды бейнелеу үшін білектің кимылын, ұзын сызықтарды - бүкіл қолдың кимылын пайдаланған жөн. Сурет салған кезде қолды қағаз бетіне тигізбеу қажет. Қолды сүйемелдеу үшін саусақтың ұшын (шынашақ) қағаз бетіне ептең тигізуге болады. Сонда қолдың астындағы сурет былғанбайды, өшірілмейді.*



Сурет 4. Сурет салғанда қаламды ұсташау технологиясы

*Өшіргіш.* Қаламмен жұмыс істеген кезде жұмсақ өшіргіш пайдалану керек. Өте жұмсақ өшіргіштерді дайындау технологиясы төмендегідей: кәдімгі өшіргішті екі күн бензин ішінде ұстайды, кейін екі сағат қайнаған суға қайнатып алады. Суреттегі керексіз сзықтарды өшіру үшін жұмсақ ақ өшіргіш қолданылады. Өшіргішті өте бір қажетті жағдайда болмаса, сирек пайдалануға дағылданған жөн.

*Түсті қаламдар* – сурет салу іс-әрекетінің негізгі құралы. Түсті қаламдар қағаз, ағаш, темір қораптарда оринастырылады. Қорапта саны 12, 24, 36, 48, 146 қалам болу мүмкін. Түсті қаламдар өзектің құрамымен ажыратылады: каолинді, пигментті, күкіртті. Сурет салуға ен қолайлы түрлі қаттылықтағы майлар қаламдар. Қораптағы қаламдар рен ұқсастығына сәйкес реттеледі. Қалам түстері топтарға бөлінеді: ақшылдан қынгіртенуге караңыз: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көк, көкшіл, ақ, қара, барлық түстер.

Түсті қаламдар суретшіге кеңістік тереңдігін бейнелеуғе, түстік гамма әдемілігін анықтауға, таза түстер мен түстерді араластыруға мүмкіндік береді.

*Жүрлі графикалық материалдармен жұмыс істеу әдістері.* Жұмсақ материалдармен жұмыс істеу әдістері. Кез келген графикалық материалмен жұмыс істеу әдістерін менгеру үшін төмендегідей технологиялық іс-әрекеттерді қолданылады:

- графикалық материалмен танысу мақсатында қарапайым жаттығуларды орындау;
- графикалық материалдың қасиеттерін менгеру мақсатында натуралық суреттерді орындау;
- бірнеше технологиялық іс-әрекеттерді қолданып графикалық жұмыстарды орындау.

Бейнeler штрихтау, жұқалап жағу немесе аралас техникада орындалады.

*Жұқалап жағу әдісі* арнайы құралдармен орындалады: қылқаламмен, жағуға арналған таяқша. Таяқшалар газеттерден немесе жұқа теңбүйірлі үшбұрыш көлемді теріден, арнайы орау арқылы дайындауды: таяқшаның бір шетін  $45^{\circ}$  қиғаштап қияды. Жұқалап жағу әдісі үлкен көлемді кеңістіктерді жабуға, бөлімдерді нақтылауға қолданылады. Мысалы, ақ түстен қара түске дейін созу жаттығу жұмыстарды орындауда. Жұқалап жағу әдісі көмір немесе қарапайым қалам ұнтақтарының көмегімен орындауға болады.

Жарық-көлеңкені берудің төмендегі реттілік пен анықтамалар қолданылады:

- *жылт* – заттың бетіндегі ең жарық нүктесі; жылт өте тегіс, жылтыр беттерде болады (шыны, керамика, жылтыр беттер);
- *жарық* – тұзу күн сәулелері түсетін беттер;
- *жартылай көлеңке* – бұрыш жасай күн сәулелері түсетін беттер; бұл аралықтағы жарық жұмсақ көлеңкеге өтеді;
- *заттың өзінің көлеңкесі* – заттың өзіндегі ең күнгірт бөлігі, жарық мұлдем түспейтін бөлімі;
- *рефлекс* – заттың көлеңкелі жағынан жарықтың түсүі; рефлекс жартылай ренген күнгірттеу орындалады;
- *заттан түскен көлеңке* – жанындағы заттардан түскен көлеңке; ол заттың перспективті бейнесін қайталайды және затпен әрекеттесу нүктelerde қанық болады.

*Штрихтау әдісі*. Штрих - бейнеленетін объектіні, оның сурет салушыдан қанша қашықтықта орналасқандығын, қандай материалдан жасалғандығын және сыртқы түсін белгілейтін сзық. Штрихтың қоюлығы мен жиілігі, бағыты нәрсенің өзіне тән ерекшелігін көрсететіндей болуы керек.

*«Құргақ қылқаламмен бейнелеу» әдісі*. Суретшілер әр түрлі қылқаламдармен — аң, тиіннің қылынан немесе құлаң жүндерінен жасалған жұмсақ қылқаламдармен, күзен қылышқты қылқаламмен, сонымен қатар қатты қылдан жасалған қылқаламдармен жұмыс жасайды. Жұмсақ қылқаламдар қағаз бетіне акварель бояумен рең жүргізу үшін қолданылады. Шрифт жазу үшін күзен қылышқты негұрлым серпінді қылқаламдар қолданылады. Өте ірі әрінтерді жазғанда және негізгі түсті қою бояумен бояу үшін қылдан жасалған флейцтер пайдаланылады.

*«Құргақ әдісте»* орындалған портреттің жұмыс істейу әдісі төмендегідей:

- алдын ала побай орындалады;
- алдымен бас, мойын, иыктың жалпы пішіндері бейнеленеді;
- беттің бөліктері, жалпы және бөлімдерінің қарым - қатынасы бейнеленеді.

Соусепен бейнені орындау үшін, алдымен соус палитра немесе қағаз бетіне ұнтақталады. Қылқаламмен бас, төмеңгі және жоғарғы қабақ, самай, мұрын құрылышы, көз тереңдігі бейнеленеді. Сонында жұқа қылқалам көмегімен қас, кірпіктер, ерін, мұрын қанаттары, иек, көздің қабағы бейнеленеді.

*Кылқалам* - ағылш. *brush, paintbrush* - кескіндемеде, графикада, каллиграфияда негізге (кенеп, қағаз, т.б.) сырлы бояу қабатын жағу үшін қолданылатын құрал. Қылқаламды жануарлардың жүні немесе қылынан қаламсапқа бескітіп жасайды. Сырлы бояулы кескіндемеде қылқаламның жаққышы (дөңгелек және жалпақ пішінді) қатты қылдан, желімді кескіндеме мен фрескада ұзын қылдан жасалады. Дөңгелек пішінді, үшкір пішінді жұмсақ қылқаламдар (тиін, борсық жүнінен жасалады) акварель және графикада қолданылады.

Ескерту: аталған әдісте алдын ала, жарты сағат бұрын көркем майлы бояудың (коңыр, кара) майын газет немесе жұмсақ қағаз беттеріне сіндіріп жұмыс істеуге болады. Майлы бояудың жетістіктері: бескітуді және сақтаудың ариайы әдістерін талап етпейді.

*Аралас әдістегі соус.* Соуысты ылғал түрде қолданғанда өте қызықты жұмыстар бейнелеуге болады. Соус суда оңай ерітіледі және «гризайль» әдіс көмегімен немесе туш және қаламұш көмегімен бейненің майда элементтері анықталады. Соус барлық жұмсақ көркем материалдармен сәйкестендіріледі, бірақ көмір және сангинамен технологиясында жұмсақ материалдардың үстінен қалын жағуға болмайды.

Туш және қаламұш технологиясы. Туш және қаламұшпен технологиясында үлкен көлем кіші көлемді дақтардан құралады, кез келген штрих көлем, рең, фактура, тұс сипаттамаларын қамтиды. Штрихтың түрлері заттың көлеміне және орындалу тәсіліне қарай екіге бөлінеді: нұктесінен сызық. Штрих дақтарының көлемін, оларды сызу санын, пішінін өзгерту арқылы фактуралы көрсетіледі.

Қалам, көмір технологиясында суретші штрих, реңдік дақпен әрекет жасай алады, ал қаламұш технологиясында оның иелігінде тек штрихтар ғана қалады. Алайда шебер штрихтардың бір өзімен сыртқы түрпат, пішін, заттардың алудан түрлі реңдерін береді.

Сурет салудың негізгі тәсілдерінің бірі — сызық жүргізу. Жіңішке сызықтар жүргізу арқылы болашақ пішіннің нобайын жасауға болады: сызықтардың көмегімен негізгі пропорциялар белгіленіп, суреттің жеке бөліктері салынады. Сызық жүргізу арқылы сурет кейіп белгіленеді. Пішіннің түрі түсестің жарыққа қарай өзгеретіндіктен, сызықтың түрі де өзгереді: штрих сызық немесе кеңістік сызық деп аталады.

Штрихтардың сызба сзықтарынан айырмашылығы – кеңістік сипаттарты көбірек: сзықтар деп өзіндік дербес мәні бар ұзын сзықтарды айтсақ, ал штрих - қысқа сзықтар, әрі басқа штрихтармен бірлестікте ғана белгілі бір мәнге ие бола алады. Сзықтар пішіннің шекараларын белгілең, олардың сұлбасын жасаса, ал штрихтар тобы пішінге өң-рең береді. Жеңіл, болар-болмас көрінетін сзықтардың көмегімен болашақ пішін, қымыл-қозгалыс, кеңістік беріледі. Штрихтарды оңға, солға немесе тәмен (өзіне қарай) сзызуға болады және бөлінеді: сзықтар, пішін бойынша орналыстырылған параллель сзықтар, айқас сзызылған сзықтар, нұктелер, ирек сзықтар, ретсіз орналастырылған сзықтар, бос орналыстырылған сзықтар.

Егер штрих сзызығы дұрыс жүргізілмеген болса, оны өшірмей-ак дәл сол жаңынан екінші сзық жүргізген дұрыс. Сонда жіцишке жүргізілген алғашқы дәл емес штрих сзықтары көзге түспейді, сурет салынып біткенде ол сзықтар көрінбей қалады. Штрихтармен нәрсенің түрін, жарық пен көлеңкені, нәрселердің рең-бояуындағы үйлесімін, қандай материалдардан жасалғанын, суреттегі түрліше көлсекелерді, түсер катынасын қаламмен бірқатар штрихтар жасау арқылы көрсетуге болады.



Сурет 5. Қылқалам түрлері және шрифт жазу технологиясы

Сонымен, штрих дегеніміз - суретке салынатын заттың сурет салушыдан қанша қашықтықта тұрғандығын, қандай материалдан жасалғандығын және сыртқы реңін белгілейтін құрал.

*Пішінге немесе шеткі сзықтарға* сәйкес орналастырылған штрихтар – заттың пішінін қайталайтын сзықтар заттың фактурасын жылтыр етіп көрсетеді, штрихтардың көлемі әр түрлі ұзындықта бейнелену керек. Сзық — аспаптың созылмалы қимылышың ізі. Оның суреттегі ролі құрделі де жауапты: ол бейнеленіп отырған нарсенің мәнімен ажырағысыз байланысты және пішінді көркемдік ой елегінен өткізуіндік нәтижесі болып табылады.

*Суретшінің сзығы* — бірде жуандап, бірде жіңішкеріп, бірде күшейіп, бірде толық ғайып болғанға дейін әлсірең отыратын құрал. Қысқа да әсерлі, бір ғана қимылмен жасалғандай әсер қалдыратын сзықтар бейнелерді, пішіндерді елеусіз аудиосын, олардың кеңістіктегі қимылышын береді.

Сурет салуды бастай отырып, алдағында жатқан жазық қағаз емес, бейне бір терезе, оның арғы жағынан бейнеленетін заттар, оның көлемдерін және орналасқан кеңістікті көріп тұрмыз деп елестету керек. Суретті үйлесімді жасауға кірісе отырыш, суретші бейнеленетін заттар бүкіл бейнесі қандай жалпы пішінге енетінін, паракты қалай орналастырайған дұрыс екенін (горизонталь немесе вертикаль) суреттің үлкендігі қандай болуы керектігін, үйлесімнің тепе-теңдігін сактау үшін қағаз бетінде оны қай жаққа, қашшалықты жылжытқан дұрыс екенін ойлаап алуға тиіс. Түсіп тұрған қара келеңкелерді ескерген жөн: олар суреттің бөлігін «ауырлату» мүмкін және сурет парактың шетіне тіреліп тұруға тиіс емес немесе «жүзін жүргуге» де тиіс емес.

*Параллель сзықтар.* Вертикаль және горизонталь параллель сзықтар құрал-саймансыз, тұзу вертикаль немесе горизонталь орналасқан сзықтар.

Параллель сзықтар бір бағытта орналасып, жиек сзықтар белгілену керек. Ұзын сзықтар қысқа сзықтардан құралу керек.

Тапсырма: әр түрлі көлемдегі бірнеше заттан тұратын карапайым натюроморт бейнеленеді. Суретте жарық-көленек түшінен қаламағаш көмегімен көрсетілу керек.

*Нұктелі штрихтар.* Нұктені кою үшін рапидографты қағаз бетіне перпендикуляр орналастыру керек, қол қимылдары тез және

жылдам орындалу тиіс. Нүктелі қағаз «шандатылған», «күмді» және бархатты көрінеді. Нүктелі штрихтау немесе «пуанте» әдісі – штрихтаудың ең қызын және тиімді әдісі. Бұл әдіс суретті мөлдір, ауалы және контрастты көрсете алады. Бұл әдісте суреттің көлеңкелі кеңістіктерді штрихтау көп уақыт алады. Суреттегі реңк нүктелердің арасындағы қашықтықты және олардың санын өзгерту арқасында өзгертіледі.

*Бос пішіндегі штрихтар* - түрлі бағытта, түрлі көлемде болғандағы сыйылды. Бос пішіндегі штрихтар әдісімен ағаштар діндері, жапырактардың шынының және стильді пішіндері бейнелену мүмкін. Бұл әдіспен заттардың жұмысақтық және қаттылық қасиеттерін көрсетуге болады. Бұл әдіс «пуанте» әдісінен орындалуы да бейнеленуі де оңай. Бір кеңістіктері сыйықтар неғұрлым көп болса сол ғұрлым күнгірт болады. Негұрлым сыйықтардың арасындағы арақашықтық кең болса сол ғұрлым сурет ашық көрінеді.

Ирек сыйықтар бір біріне жақын орналасып ирек кеңістік құрады, бұл әдіспен мрамор, фактуралы қағаз, судың бетіндегі толқындар, бұйра шаштар, ағаш діндер бейнеленеді. Бұл әдіспен түрлі жанрдағы қолданбалы жұмыстар және көп фигураны үйлесімдерді бейнелеуге болады.

Ирек сыйықтарды түрлі сыйба әдістерімен араластыруға болады, олар: нүктеге және ирек сыйықтар, нүктеге және бос пішінді сыйықтар, нүктеге және пішін бойынша орналасқан сыйықтар, бос пішінді және ирек сыйықтар, ирек және параллель сыйықтар және т.б.

#### *Бақылау сұрақтары:*

1. Штрихтар қандай түрлерге бөлінеді?
2. Қылқаламдар қандай түрлерге бөлінеді?
3. Шрифт қандай технология арқылы жазылады?
4. Жарық-көлеңкені қандай реттілікпен орналасады?
5. Жарық-көлеңкені сипаттауда қандай анықтамалар қолданылады?

## «АЛТЫН ҚИМА» - ОРТА ҚАТЫНАСТА БӨЛУ. ПЕРСПЕКТИВА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

*Мақсаты:* «Алтын қимамен» таныстыруу. Перспектива туралы түсінік беру


«Алтын қима» — гармониялық бөлу, шеткі және орта қатынаста бөлу – берілген АВ кесіндісін оның үлкен бөлігі (AC) сол кесінді (AB) мен оның кіші бөлігінің (CB) пропорционал ортасы болатындағы етіп екі бөлікке бөлу. Ал  $AB = a$  кесіндісінің Алтын қимасын алгебралық жолмен табу  $a:x = x:(a-x)$  теңдеуін (мұндағы  $x=AC$ ) шешуге келіп тіреледі. Бұдан  $x=(\sqrt{5}-1)a/2 \approx 0,62$  а болады.  $x$ -тың  $a$ -ға қатынасын шамамен  $2/3, 3/5, 5/8, 8/13, 13/21, \dots$  т.б. бөлшектер арқылы өрнектеуге болады, мұндағы  $2, 3, 5, 8, 13, 21, \dots$  – Фибоначчи сандары. Алтын қима ертедегі грек ғалымдарына белгілі болған. Евклидтің «Негіздерінің» 2-кітабында алтын қиманы геометриялық салу жолы  $x(a+x) = a^2$  квадрат теңдеуін шешумен пара-пар екендігі көрсетілген. Евклидтен кейін алтын қиманы Гипсиクリ (біздің заманымыздан бұрынғы 2 ғасыр), Папп Александрийский (біздің заманымыздан бұрынғы 3 ғасыр), т.б. зерттеген. Алтын қима немесе оған жақын пропорционал қатынастар көптеген әлемдік өнер туындыларының композициялық құрылымына негіз болған. Сондықтан алтын қима 15 – 16 ғасырларда өнерде, әсіресе сәулет өнерінде, т.б. кеңінен қолданыла бастады. Алтын қима терминін 15 ғасырдың аяғында Леонардо да Винчи енгізген. Табигатта жиі кездеседі. а және б екі саны  $(a+b)/a = a/b$  өнергін қанағаттандырса, онда олар алтын қатынасты сақтайдынын болады, бұл жағдайда  $a/b$  алтын қатынасына тең болады. Бұл шама тікелей Фибоначчи сандарына байланысты. Бұл құрылымды Леонардо да Винчи өз өнерінде пайдаланған. Бұл құрылым табигатта кеңінен кездеседі: ғұлдар спиралынан адам денесінің симметриясына дейін.

Әдетте бұл пропорцияны юнаның  $\varphi$  (сонымен бірге  $\tau$  деп те) әрпімен белгіленіп мынаган тең болады:

$$\varphi = \frac{1 + \sqrt{5}}{2} \approx 1.61803398874989484\dots$$

Біздің заманымызға дейінгі 8 ғасырда Грецияның Афины қаласында салынған Парфенон храмы туралы естімеген адам жоқ шығар, ол туралы: "Егер де сен Афиныда болмасан, түйемен бір есепсің, ал онда бола тұрып таңданбасан, барып тұрган есексің" (Балалар энциклопедиясы. 10-том, 372-бет) деп дәріптеген екен. Сол заманда осындай керемет сәулет ғимаратын алтын қатынас есебімен салу адамзат ойының есепке жүйріктігін көрсетсе керек. Біздің қазақ халқы да алтын қима есебін ежелден білген деуге болады. Оның мысалы, қазақтың қара домбырасы, ондағы әрбір бөліктер алтын қима қатынасына сай келеді. Күнделікті оқып жүрген кітаптар мен хат салатын конверт те алтын қима есебімен жасалғанына мән бермейміз. Осы қасиеттеріне қарай бұл қатынасты ертеде «тәнірлік пропорция» деп те атаған.

Альбрехт Дюрер «алтын қиманың» түзудің - геометриялық бөлү әдістемесін құрастырды:  $BC = \frac{1}{2} AB$ ;  $CD=BC$  (Сурет 6).



Сурет 6. А.Дюрер «алтын қиманың» түзудің - геометриялық бөлү

*Перспектива туралы түсінік.* Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы барысында білім алушылардың кеңістік туралы ойлау қабілетін дамыту педагогика саласындағы маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Қазіргі кезде көптеген мамандық иелерінің техникамен жұмыс атқаратындығы баршаға мәлім. Осыған байланысты баланың жас кезінен кеңістік туралы ойлау негіздерін үйрету ғылым мен техниканың тілін ерте үйренуге жол ашты.

Білім алушылардың кеңістік туралы ойын дамыту перспектива заңдылықтарын оқытумен өте тығыз байланысты шешілетіндігі айқындалып келеді. Перспектива заңдылықтарының мазмұны толық ашылып, оны оқыту мен бейнелеуге үйретудің әдістемелік талдаулаарын жасауды қажет етеді.

Перспектива құбылысы табиғатта біздің көзімізге қалай көрінсе, қағаз бетінде де соған сәйкес бейнеленеді. Біз қасіпқой суретшілердің шығармаларын көру барысында кеңістіктің тереңдігін айқын сезінеміз. Мысалы, кейбір заттар бізге жақын, ал кейбірі алыс болып көрінеді. Суретші арнағай салу тәсілдері арқылы жазықтық бетіне белгілі жазықтықты, кеңістікті иллюзиялық түрде көрсетеді. Перспектива көрінестің нүктелердің өлшемдерінің бізден ұзақтаған сайын қысқарып, түстердің өзгеріп көріну құбылысы. Перспектива заңдылықтарын білу арқылы шығармадағы көріністің тереңдігін айқын бейнелеуге болады. Перспективаның түрлері: сыйықтық перспектива, ауа және жарық пен көлеңке перспективасы болып бірнеше түрге бөлінеді.

Айналадағы қоршаған ортадағы заттар мен бұйымдарды мұқият бақылаған әрбір адам заттардың бізден қашықтаған сайын кішірейе түсетінін жақсы біледі. Сурет салғанда алыстан көрінген заттарды жақындағымен салыстырғанда кішірейтіп көрсету ғана маңызды емес, сонымен қатар ол қағаз бетінде үлкен де, кіші де болмауы керек. Міне осындай кейбір қызығылықты жағдайларға перспектива ұфымы толық мағлұмат береді.

*Перспектива*<sup>1</sup> сөзі (латынша perspicere сөзінен алынған) арғыбергі жақты көруді білдіреді. Перспектива — бақылаушыдан түрлі қашықтықтағы заттарды бейнелеудегі сыйықтық құру заңдарын зерттейтін ғылым. Сондықтан әдетте сыйықтық перспектива туралы айтады. Сондай-ақ, осы заңдар бойынша құрылған бейненің өзін де перспектива деп атайды.

Ертеде итальян және неміс суретшілері өз туындыларында перспективалық заңдылықтарды қарастырған. Мысалы, Леонарда Да Винчи, Паоло Учелло, Альбрехт Дюрер т. б. Соның ішінде перспектива заңдылығын зерттеуге кезінде неміс суретшісі Альбрехт Дюрер зор үлес қосқан. Перспектива - сыйықтық, ауа

<sup>1</sup>Кунжигитова Г.Б. Сызба геометрия және перспектива. Окулық. М.Ауезов атындағы ОҚМУ.2012.-1206.

және жарық пен көлеңке перспективасы болыш бірнеше топқа бөлінеді. Қай суретті салсақ та ең алдымен көкжиек сыйығын немесе көру деңгейін анықтауымыз қажет.

Перспектива сурет салушыға кез келген бейнені өмірде қалай көрсінсе, дәл солай бейнелеуге мүмкіндік туғызады.

Перспективаны түсіну үшін ең алдымен көкжиек сыйығы жөнінде білу керек, өйткені, барлық перспективалық құрылым осыған байланысты. Қебінесе көкжиек жөнінде айтқанда, аспан мен жердің шектескен сыйығы жөнінде ой туындаиды. Ал негізінен алыш қарағанда географиялық көкжиек перспективалық көкжиекпен байланысты. Перспективалық көкжиек барлығын жоғары жағынан және төменгі жағынан көрінетін заттарға бөледі. Перспективалық көкжиек сыйығы әр уақытта көз деңгейінде орналасқан. Оны қалай анықтауға болады? Ол үшін шыны ыдысқа су құйып, оны көз деңгейіне жақындату керек. Егер де оған жоғарыдан немесе төменинен қарайтын болсақ су беті элипс пішінді болады. Ал дәл көз деңгейінде болғанда, түзу сыйық болыш көрінеді.

Перспективаны жазықтықта немесе басқа бір бетте салуға болады.

Перспективаның ең көп тараған түрі – жазықтықта салынған перспектива. Олсызықтық перспектива деп аталады. Егер сурет ретінде цилиндрдің ішкібетін қабылдасақ, перспектива панорамалық деп аталады. Егер кескінсфераның ішкі бетіне салынса, перспектива күмбездік деп аталады.

Көлденең жазықтықта салынған перспектива бөлмелердің төбелерін безендіруде жиі қолданылады. Бұндай перспектива плафондық деп аталады және түрғызылуы жағынан сыйықтық перспективадан айырмашылығы жоқ.

Бірнеше жазықтықта салынған перспектива театрлық деп аталады.

Сыйықтық перспектива<sup>2</sup>.


Перспектива центрлік проекциялаудың негізінде орындалады (Сурет 7).

S – проекция центрі

P<sup>1</sup> - проекция жазықтығы

<sup>2</sup> Павловский А.Л.Павловская Л.М.Основы перспективы. ЮКГУ имени М.Ауезова. 2009г.54с.

$\text{ABC} - \text{ABC}$  үшбұрышының түпнұсқасы  
 $\text{A}^1\text{B}^1\text{C}^1 - \Delta\text{ABC}$  үшбұрышының  $\text{P}^1$  жазықтығындағы проекциясы



Сурет 7. Сызықтық перспектива

Сызықтық перспективаның аппараты (Сурет 8).

$\pi^0$  – сурет жазықтығы

$\pi^1$  – зат жазықтығы

O – көру нүктесі

$O^1$  – көру нүктесінің горизонталь проекциясы

V – суреттің бас нүктесі

OV – бас сәуле (дистанциялық қашықтық)

p – сурет табаны

h – көкжиек сызығы

$D_1, D_2$  – дистанциялық нүктелер

O – беттескен көру нүктесі


$OV = VD_1 = VD_2 = VO$

$\alpha$  – көкжиек жазықтығы

Перспективаны бейнелеу негіздері шығарма жазықтығы, көкжиек сызығы, көру нүктесі, шығу нүктесі, көру деңгейі және т.б. түсініктердің жиынтығынан құралады.

Шығарма жазықтығы деп бейнеленетін зат пен суретшінің көзі арасындағы ойша алынған вертикаль бағыттағы жазықтықты айтамыз.

Көкжиек сызығы — суретшінің көз деңгейін білдіретін өлшем.



Сурет 8. Сызыктық перспективаның аппараты

Көрү нүктесі — сурет салушының затты бақылайтын нүктесі немесе орны.

Шығу нүктесі — өзара параллель түзулердің алыстаған сайын бір-біріне жақындаған, көкжиек сызығына барып қосылатын нүктесі.

Көрү деңгейі — суретшінің көз деңгейін білдіретін, ойша алынған жазықтық. (Сурет 8)

Көрү нүктесінің орнын дұрыс тандауға келесі кезеңдер кіреді:

1. объекттен көрү нүктесінің қашықтығы;
2. негізгі сәуленің жағдайы;
3. сурет жазықтығының жағдайы;
4. көкжиек түзуінің жағдайы.

Көрү нүктесінің орнын тандауға ұсыныстар:


1. Көрү нүктесінің объекттен қашықтығы, объект көрү бұрышының  $r=30\ldots40^\circ$  төбесіне сәйкес болу тиіс;
2. Негізгі сәуленің бағыты суретке перпендикуляр және көрү бұрышының ортасында орнасу тиіс;
3. Суреттің орналасу фасадпен  $25\ldots30^\circ$  бұрышын құрау керек.

Жанындағы фасад бұл жағдайда көбірек перспективті қысқарады және бейне анық бейнеленеді. Сурет жазықтығын обьекттің бір қабыргасына сәйкес болғаны дұрыс, бұл жағдайда қабырганың натураł өлшемі белгіленеді.

4. Көюкиек биіктігі көз деңгейімен сәйкестендіріледі, жерден 1,6... 1,8м қашықтықта немесе обьект нүктесінің ең биік нүктесінен жоғары орналасу мүмкін.

Перспективалық проекцияларды алу үшін проекциялау аппараты қолданылады. Проекциялау аппараты жазықтықтар жүйесі мен нүктелерден тұрады. Перспективалық бейнені құру үрдісін айқын елестету үшін шартты кеңістік моделін елестету қажет. (Сурет 9)

Егер адам өзін суреттік жазықтықтың алдында тұрған бақылаушы деп есептесе, онда оның өзі тұрған және бақыланып отырған зат (суреттік жазықтықтың екінші жағында) тұрған шартты горизонталь жазықтық заттық жазықтық деп аталады. Суреттік жазықтықтың заттық жазықтықпен қиылысу сызығы суреттік жазықтықтың негізі (K) деп аталады.



Сурет 9. Перспектива жазықтығы.

Заттың жазықтықта бақылаушы тұрған орын (теориялық жағынан алғанда - нүкте) тұру нүктесі (S) деп аталады. Бақылаушының көзі тұрған жер көру нүктесі (s) деп аталады.

Бақылаушы бір орынаң қозғалмай және басын бұрмай бір қарашаңда қамти алатындардың бері көру кеңістігі деп аталады. Затты неғұрлым айқын, дәл қабылдау шамамен 30° бұрыш шенберінде болады.

Сондықтан, оны неғұрлым айқын қабылдау үшін бақылаушының көру нүктесі бұл заттың ең үлкен өлшемінен 2,5-3 есе асып түсетін қашықтықта болуға тиіс. Егер затқа бұл қашықтықтан жақынырақ келетін болсақ, онда оны ішінәраға (басты бұрмай) көруге болады. Егер бақылаушы заттың маңайында онға, солға, жоғары, төмен орын ауыстырып отыратын болса, онда зат оған әрбір жаңа көру нүктесінен жаңаша, басқа бұрылымдарда көрінетін болады.

Сонымен, көру деңгейі - суретшінің көз деңгейін білдіретін ойша алынған жазықтық. Сызықтық перспективада бақылаушыдан қашықтаган сайын заттардың бөлшектері мен сызықтары кішіріе беріп көкжиек сызығында бір нүктеге яғни шығу нүктесінде барып қосылады. Шығу нүктесі әр уақытта көкжиек сызығында жатады. Көкжиек сызығына жақындаған сайын параллель сызықтардың ара қашықтығы бір - біріне жақындей түседі. Көрушіден алыстаған сайын тіке сызықтардың ара қашықтығы бір - біріне жақындей түседі. Көрушіден алыстаған сайын тіке сызықтардың ара қашықтық өлшемдері кішіріе түседі. Мысалы, телеграф бағаналарының көкжиек сызығынан төмен орналасқан сызықтары төменнен жоғары қарай бағытталса, көкжиек сызығынан жоғары орналасқан сызықтар қерісінше жоғарыдан төменге қарай бағытталады, бәрі көкжиек сызығындағы шығу нүктесінде түйіседі.

Терезеге көз сала отырып, біз көп нәрсені — көшени, кең даланы немесе орманды, аспанды көреміз. Егер шыны әйнектен қол созым қашықтықта тұрып, бір көзді жұмып, әрі бастын тұрған қалпын өзгертпей, аргы жақтан көргенімізді қаламұшпен, қылқаламмен қайталайтын болсақ, шынының аргы жағында көрінген бейне, сурет шығар еді. Көрінген заттар біз көрген тәртіппен бейнеленетін мұндай жазықтық суреттік жазықтық деп аталады.

Сонымен, бақылаушының көзімен қабылданған, бақыланып отырған заттардан түскен сәулелер бейне бір суреттік жазықтыққа қадалады да, оның бетінде бақылаушыға өзі таңдағ алған көру нұктесінен заттар қалай көрінсе сондай бейне қалдырады.

Егер заттық жазықтықпен паралель бақылаушының көзі деңгейінде екінші, шартты горизонталь жазықтық жүргізілсе, онда оның суреттік жазықтықпен қылышысы көкжиең сызығын ( $h$ ) береді. Орталық, суретке перпендикуляр көз жанары бағытталатын көкжиең сызықтарындағы нұкте қылышудың басты немесе орталық нұктесі ( $P$ ) болады.

Суретке перпендикуляр жатқан, теренге бойлай кететін сызықтардың бәрі суретте нақ осы нұктеде қылышасады. Параллельжатқан, суретке басқа бұрыштар арқылы баратын сызықтардың бәрі көкжиең сызығында орталық сызықтың он және сол жағына орналасып белгіленген басқа қылышу нұктелерінде түседі.

Көкжиең сызығындағы ашықтау нұктелері деп аталатын екі шартты қылышу нұктесіне назар аударалық. Егер көкжиең сызығына  $P$  нұктесінен солға және оңға  $S$  көру нұктесінің суреттік жазықтықтан, яғни  $P$  нұктесінен қашықтығына тең қашықтықты бөліп алса осы нұктелер ( $D_1, D_2$ ) алынады.  $PS=PD_{1,2}$  болғандықтан, қашықтау нұктесіне бағытталған көз жанары суреттік жазықтықтан  $45^\circ$  бұрыш түзеді. Демек, бұл қашықтау нұктелері суретке осындай бұрыш жасап баратын барлық сызықтардың нұктесі болады.

Перспектива құру кезінде жоспар, яғни жазықтықта болып жататынның бәрінің бейне бір проекциясы пайдаланылады. Мұның өзінде біздің моделімізде көрсетілген  $S$  пен  $P$  нұктелері және олардың  $s$  мен  $\dot{s}$  проекциялары  $S_p$  пен  $P_p$  қосарланып белгіленеді.

#### *Бақылау сұрақтары:*

1. Сызықтық перспектива аппаратында көру нұктесі қай жерде орналасады?
2. Сызықтық перспектива аппаратында бас сәуле қалай орналасады?
3. Сурет табаны деген не?
4. Қандай қашықтық дистанциялық деп аталады?

## ПЕРСПЕКТИВА ТҮРЛЕРИ

Мақсаты: Перспектива түрлерін анықтау.

Студенттерге перспектива заңдылықтарын таныстырганда оқытушы бірінші көкжиеқ сыйығы бейнелеушинің көз деңгейінің тұсында болатындығын және көз деңгейінің жоғары немесе төмен өзгеруіне байланысты көкжиеқ сыйығы да өзгеретіндігі жөнінде ауызша баяндаған соң оны көрнекі көрсеткен жөн. Мысалы, студенттер терезеге қарап түрегеліп, содан соң қайта отырады, сонда олар терезе ойығының аргы жағындағы көріністің өздерімен бірге жоғарылап немесе төмөндел қозғалатындығын байқайды. Бөлме ішіндегі заттар да перспективаның жалпы заңдылықтарынабағынады. Бөлмедегі көкжиеқ сыйығы да көз деңгейінде өтеді. Студенттер көкжиеқ сыйығы туралы түсінік алған соң, кеңістіктегі заттар сол көкжиеқ сыйығы бойынан белгіленетін түйіндесу нүктесіне қарай барған сайын кішірейіп кететіндігін интерьердегі паркет еденің немесе терезе бағанаалары жағалай орнатылған бөлменіңсүреттінен көреді. Перспектива заңдылықтарын көрнекіліктен көрсеткенде алдымен оған студенттердің көnlін жалпылама аударып ондағы кеңістіктегі заттардың шынайы болып көрініп түрғандығы айтылады. Содан соң осы кеңістік шынайылығын беріп түрған перспективаның негізгі заңдылықтарымен жеке-жеке таныстыра бастайды.

Заттардың пішіні туралы түсініктегі<sup>3</sup> беруге арналған мұғалімнің әңгімесі мына бағыттарды қамтиды. Кеңістіктегі қандай зат болмасын оның белгілі пішіні болады. Эрбір зат өзінің пішін ерекшеліктеріне байланысты көлемді немесе жазықтық сияқты болып келеді. Көлемді, дene қатарына (бийктігі, ені, терендігі немесе қалындығы бар) үш өлшемді заттар кіреді. Бұл үш өлшем зат көлемінің сипатын білдіреді. Зат көлемі жәспік, чемодан, стол, битон, кастрюль сияқты заттарда айқын білінеді. Ал кейбір (бір бет қағаз, жалауша, білім алушы дәптері, сызғыш, ағаш жапырағы т.б.) заттардың көлемі айқын байқала бермейді. Мұндай пішіндерді жазықтық пішіндері деп атайды. Жазық заттардың түрлері

<sup>3</sup> Куқигитова Г.Б. Сызба геометрия және перспектива. СӨЖ үйымдастыру мен откізуге арналған әдістемелік нұсқау. М.Ауезов атындағы ОҚМУ.2013.-806

төртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер сияқты геометриялық (денелерге) ұқсастықтарына байланысты анықталады. Контеңен заттардың пішіндері симметриялық болып келеді.

Симметриялық пішіндерді ойша ортасынан екіге бөлсек екі бірдей ұқсас пішіндер шығады. Заттардың пішіндері жасанды және табиғи болып бөлінеді.

Жасанды пішіндер дегеніміз – адам қолымен жасалған заттар. Табиғи пішіндер қатарына – өсімдіктер, жан-жануарлар, тау, тас, т.б. табиғи заттар кіреді.

Перспектива зандаудың оқыту мен бейнелеу ережелерін үйрету бейнелеу өнері әдістемесі саласындағы күрделі мәселенің бірі. Перспективаны менгеру бейнелеу өнерінің бір ғана сабагында емес, нұсқаға қарап сурет салу, тақырыптық сурет салу, сәндік сурет салу, бейнелеу өнері туралы әнгіме сабактармен қатар кластан тыс сабактарда, табигат аясына эксперсия жасау барысында жүзеге асады. Сонымен қатар білім алушыларға перспектива туралы түсініктер берудің бір жолы көрмелерге апарып, профессионал суретшілердің шығармаларының перспективалық құрылышын талдан түсіндіру.


Заттардың перспективалық көрінісін бейнелеу жүйесінде жаттығулардың маңызы үлкен. Жаттығулардың алғашқы кезеңінде қарапайым геометриялық денелерді салудан бастап, бірнеше заттардың суретін салуга дейін жалғасады.

Тақырып бойынша сурет салу сабактарында білім алушылар кеңістіктері бірнеше заттардың, жануарлар мен адамдардың көрінісін бейнелейді. Сабак барысында мұғалім білім алушылардың ісіне сызықтық, ауа, жарық пен көлеңке перспективаларын бейнелеу ережелерін қайталап түсіндіріп отырады.

Перспектива зандаудың оқыту мен оны бейнелеуді үйрету әдістемесін анықтауға арналған эксперимент сабактарында көрсетілген жүйенін ұтымды жақтары анықталады. Атап айтқанда: білім алушылар кеңістіктері заттарды қағаз бетіне дұрыс орналастыру, кеңістіктері заттардың елшемдерінің алыс және жақын болуына байланысты өзгеру және түстердің қашықтыққа байланысты құбылысын дұрыс қабылдауға үйренеді. Кеңістіктері пішіндерді бейнелеу дағдыларын менгереді. Өнер шығармаларындағы кеңістіктің бейнеленуіне талдау жасаудың негіздерін үйренеді.

Нәрселердің өлшемі бейнелеушінің көзінен қашықтаган сайын, біртіндеп кішірейе береді. Студенттердің көнілін көрнекіліктегі бөлме жиһаздарының бейнелеушіге жақын орналасқан бейнелеріне қарағанда қашық орналасқан бейнелердің кіші болатындығына аударады.

Суреттегі бейнеленген нәрселердің барлығы көкжиеқ бойындағы бір нүктеге қарай бағытталып кішірейеді<sup>4</sup>. Ол бейнелердің сыйықтары бір нүктеде түйіседі, сондықтан да оны перспектива зандағының «түйіндесу нүктесі» деп атайды. Түйіндесу нүктесі сурет салушының алдындағы көрү бағытында болады, сондықтан да ол үнемі көкжиеқ сыйығының бойында орналасады.



Сурет 10. Сызықтық перспектива

<sup>4</sup> Кунжигитова Г.Б. Сызба геометрия және перспектива. Іскерлік ойындарды ұйымдастыру мен откізуғе арналған адістемелік нұсқау. М.Ауезов атындағы ОҚМУ.2013.-806

Перспектива занұлдылықтарын дұрыс пайдалану жұмыста шынайылық кеңістікті көрсетуге мүмкіндік жасайтындығын жалпы көрнекіліктегі бейнеден көрсетуге болады.

Теріс жердегі параллель сыйықтар, мысалы, паркет квадраттary және т.б., бізден ұзай отырып, ақырында көкжиекте, яғни жер мен көк астасып жататын шартты сыйықта бір нүктеге айналатыны белгілі. Көкжиек сыйықтарының бірде-бір перспективалық құру бола алмайды. Оның басты ерекшелігі мынада: ол әрдайым бақылаушының көздері деңгейінде болады. Егер бақылаушы биікте, мысалы, орындық үстінде болса, көкжиек те жоғарылап, еден ашыла тускендей болады. Егер ол төмен түссе, көкжиек те онымен бірге төмен түседі, осыдан, көкжиек сыйығынан жоғары түрғандардың бәріне бақылаушы төмennен, ал көкжиек сыйығынан төмен түрғандардың бәріне жоғарыдан қарайды. Табиғаттың көкжиек сыйығы кағаз бетінде көкжиек сыйығына параллель болып бейнеленеді. Перспективалық көкжиектен төменде жатқан барлық көлденең сыйықтар бақылаушыдан алыстаған сайын жоғарылайды, ал жоғарыда жатқан сыйықтар төмендейді. Барлық параллель көлденең сыйықтар бақылаушыдан алыстаған сайын көкжиек сыйығына жақындаپ, сонда түйіседі. Олардың қылышқан жерін түйісу нүктесі деп атайды. Бірнеше параллель сыйықтар орналасқан жеріне қарамай барлығы бір нүктеде түйіседі. Ал тік сыйықтар әр уақытта параллель күйінде қала береді. Көлденең орналасқан шенбер перспективада эллипс турінде көрінеді.

Сурет салушыға көлеңке перспективасын да білу керек. Күн жерден өте алыста болғандықтан оның сәулелерін параллель ретінде қабылдаймыз. Жасанды жарықтан түскен заттардың көлеңкелері жан-жаққа түседі. Оның өлшемін жарықтан шыққан түзулер арқылы анықтайды.

Негұрлым бейне жарыққа жақын болса, соғұрлым көлеңке үлкейеді.

Сонымен қатар, заттардың сәулелерінде де перспектива занұлдылықтары бар. Суда өсіп түрған ағаштың сәулесі дәл сол күйінде қарама-қарсы бағытта бейнеленеді.

Сонымен қатар, сыйықтың перспективамен бірге ауа перспективасы да сурет салуда үлкен орын алады. (Сурет 11)


Заттар бақылаушыдан алыстаған сайын өзінің айқындылығын жоғалтып бұлдырай түседі. Қою түсті заттар алыстағанда салқын реңге /көбінесе көгілдір, кейде қою көк/, ал ашық түстер жылы реңге айналады.

Түстер мен көлеңкелер, заттардың материалы алыстаған сайын дұрыс көрінбей, тұтасып кетеді, тұтас бейнеге айналады. Егер заттарды ашық түстермен, бөлшектерін анық көрсетіп бейнелесе, жақын жерде тұрған сияқты көрінеді. Керісінше бұл қасиеттерді жоғалтса, олар бізден алыстайды.

Сурет салу кезінде перспектива заңдылықтары толық жүзеге асса, жұмыс өз дәрежесінде орындалады. Кескіндер жазықтыққа, цилиндрлік немесе сфералық беттерге де салынады. Перспектива цилиндрлік бетке салынса, панорамалық (Сурет 13), сфералық бетке салынса құмбездік перспектива деп аталады. (Сурет 14) Жазықтықка салынған перспективаны сзықтық перспектива дейді.



Сурет 11. Ауелік перспектива



Сүтеп 12. Теріс перспектива



Сүтеп 13. Панорамалық перспектива

Айналадағы коршаган ортадағы заттар мен бұйымдарды мұқият бақылаған әрбір адам заттардың бізден қашықтаған сайын кішірейе түсетінін жақсы біледі.



Сурет 14. Сфералық (күмбездік) перспектива

*Бақылау сұрақтары:*

1. Перспектива қандай түрлерге бөлінеді?
2. Күмбездік перспектива дегеніміз не?
3. Ая перспектива дегеніміз не?
4. Теріс перспектива дегеніміз не?
5. Жасанды пішіндер дегеніміз не?

## СЫЗЫҚТЫҚ ПЕРСПЕКТИВА ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

*Мақсаты:* Сызықтық перспектива заңдылықтарына талдау жасау.

Сызықтық перспектива – көрушіден алыстаған сайын заттардың бөлшектерінің және сызықтардың ара қашықтықтарының кішіріеіп көріну құбылсысы. Сызықтық перспектива фронталдық және бұрыштық болып екіге бөлінеді. Фронталь перспектива бойынша суретшіге заттың бір жақ беті толық көрінеді де, қалған беттері көрінбейді. Мысалы, заттың тура алдынан қарагандағы көрінісі. Бұрыштық перспектива бойынша көрушіге заттың бір бұрышы менен екі немесе үш қабыргасы айқын көрінеді.

Белгілі бір бұрышпен көкжиек сызығына карай бағытталған параллель сызықтар бір нүктеге барып қосылады. Параллель сызықтардың косу нүктесі әр уақытта көкжиек сызығында жатады. Көкжиек сызығына жуықтаған сайын параллель сызықтардың ара қашықтығы бір-біріне жақындай түседі. Көрушіден алыстаған сайын тіке сызықтардың ара қашықтық өлшемдері кішіріе түседі. Мысалы телеграф бағаналарының көкжиек сызығынан төмен орналаскан сызықтары төменинен жоғары карай бағытталса, көкжиек сызығынан жоғары орналасқан сызықтар жоғарыдан төмен қарай бағытталады, бәрі көкжиек сызығында түйіседі.

Сызықтық перспектива нәрселердің орналасуына байланысты сызықтық (көлемдік) өзгеруін сипаттап жазықтыққа кескіндеуі қарастырылады. Сызықтық перспективаны бейнелеу ережесі бақылаушыдан алыстан тұрған заттардың өлшемдері әрдайым кіші болып бейнеленеді. Сызықтық перспектива нәрселердің орналасуына байланысты сызықтық (көлемдік) өзгеруін сипаттап жазықтыққа кескіндеуі қарастырылады. Әуелік перспектива ара қашықтықтың өзгеруіне байланысты ауа қабаты түсінің әсерінен нәрселердің түстерінің өзгеруін зерттейді.

Сызықтық перспективаның заңдылықтары туралы мұғалімнің білім алушыларға менгереттін негізгі түсінктері мынадай бағыттарды қамтиды:

1. Белгілі бір бұрышпен горизонт сызығына қарай бағытталған параллель сызықтар бір нүктеге барып қосылады.


2. Параллель сызықтардың қосылу нүктесі әр уақытта көкжиек сызығында жатады.

3. Көкжиек сызығына жақындаған сайын параллель сызықтардың арақашықтығы бір-біріне жақындей түседі. Мысалы, темір жолдың рельстері мен шпалдарының көрінісі.


4. Көрушіден алыстаған сайын вертикаль бағыттағы сызықтардың арақашықтық өлшемдері кішірейе түседі.

5. Көкжиек сызығы дегеніміз – біздің көз деңгейімізді білдіретін сызық.


Көкжиек сызығынан төмен орналасқан сызықтар, төменинен жоғары қарай бағытталса, көкжиек сызығынан жоғары орналасқан сызықтар жоғарыдан төмен қарай бағытталады. Мысалы, қала көшесіндегі катар орналасқан көп қабатты үйлердің жоғарғы және төмениң контур зықтарының жиынтығы. (Сурет 15-23)




Сурет 15. Фронталь, бұрыштық перспектива




Сурет 16. Заттың енін, биіктігін өлшеу.



Сурет 17. Төменгі қырларының көтерілу бұрышын анықтау. (1-әдіс)




Сурет 18. Төменгі қырларының көтерілу бұрышын анықтау. (2-әдіс)




Сурет 19. Төменгі қырларының көтерілуі көкжиекке бұрылу бұрышына тәуелді.

Сызықтық перспективаның бейнелеу ережелері мыналар:


1. Суретшіден алғыста түрған заттардың өлшемдері кіші болып бейнеленеді.
2. Табигаттағы көкжиек сызығына параллель барлық сызықтар пішінде де көкжиек сызығына параллель етіп бейнеленеді.
3. Табигаттағы вертикаль жағдайда орналасқан параллель сызықтар қағаз бетінде де вертикаль жағдайда бейнеленеді.
4. Белгілі бұрышпен көкжиек сызығына қарай бағытталған параллель сызықтарды көкжиек сызығындағы бір нүктеге қосылатындей етіп бейнелеу қажет.
5. Конус, цилиндр пішініндағы заттардың бойындағы шеңберлер перспектива зандылығына сәйкес овал түрінде бейнеленеді.



Сурет 20. Төменгі қырларының көтерілуі көкжиекке бұрылу бүрышына тәуелді.




Ок нарисовать перспективу интерьера по этапам Сайт о рисовании.




Сурет 21. Фронталь перспективаның түрлөрі

Сызықтық перспективаның қайтымды болатынына көз жеткізелік. Суретке бас нүктесінен перпендикуляр тұрғызып, оған  $|PD|$ -ға тең кесінді салсақ, карау нүктесін ( $S$ -ті) аламыз. Заттық жазықтықты ( $\pi_1$ ) к түзуі арқылы  $\pi'$  перпендикуляр етіп жүргіземіз. Енді проекциялаушы сәулелерді,  $[SA_1]$ -пен  $[SA']$ -ті жүргізуге болады.  $SA$  түзуі заттық жазықтықпен А нүктесінде қылышады. Осы А нүктесі арқылы перпендикуляр етіп жүргізілген түзу  $SA$  түзуімен іздел отырган А нүктесінде қылышады.

Перспективалық бейнелеуге қойылатыннегізгі талап мынау: перспектива жобаланып отырған объекттің тұрғызығаннан кейінгі оның табиги көрінісін дәл беруі тиіс. Перспектива осы айтылған талапқа сай болуы үшін қарau нұктесі мен сурет жазықтығын таңдау алуда төмөндегі шарттарды қанағаттандыру қажет:



Сурет 22. Фронталь перспектива



Сурет 23. Бұрыштық перспективаны бейнелеу

- Қарал нүктесінен оның ең үлкен көрінетін өлшемінен екі еседей қашықтықта орналасуы қажет. Осы жағдайда қарал бұрышы  $\phi^0$  ең жақсы көру бұрышына, яғни  $28^0$ -қа тең болады. Қарал бұрышы  $\phi^0$   $18^0$ -тан кіші және  $53^0$ -тан үлкен болмауы керек.
- Сурет жазықтығын объектінің бір қыры арқылы бас нүктे  $P$  кескіні енінің үштен бірінің ортанды болғанда орналасатындей етіп жүргізеді.
- Көкжиек сызығын жерде тұрған кісінің көзінің деңгейінде жүргізеді, яғни  $h_1$ сызығы мен абцисса осі  $x$ -тің аралығы 1,5 метрдей болады.

Перспектива салудың радиал әдісінің мәні проекциялаушы жердің суретімен қиындысу нүктелерін анықтауга болады. Бұл сәулелер іздерінің әдісі деп те атайды.

Жалпы жағдайда түзу сызықтың проекциясы да түзу сызық болады, түзуді екі нүктеге анықтайты. Соңдықтан сызбада түзуді беру үшін екі нүктесінің проекцияларын көрсету қажетті және жеткілікті. Эпюerde A және B нүктелерінің фронталь проекциялары  $A_1$  мен  $B_1$ -ді және горизонталь проекциялары  $A_2$  мен  $B_2$ -ні көрсету керек. Көрнекілікті арттыру үшін түзуді анықтайтын нүктелерінің аттас проециялар түзу сызықтармен қосады. Эпюerde түзуді көбіне

оны анықтайдын кесіндінің проекциялармен береді, ал ол кесіндіні анықтайдын нүктелерді көрсетпейді. Тұзудің нүктелерің ішінде ерекше орналасқандары бар. Олардың қатарына тұзудің проекциялар жазықтықтарымен қиылысу нүктелері жатады. Тұзудің проекциялар жазықтығымен қиылысу нүктесін оның ізі деп атайды. Проекциялар жазықтықтары  $\pi_1$   $\pi_2$  және  $\pi_3$  үшеу болғандықтан тұзудің үш ізі болады тұзудің фронталь жазықтығымен қиылысу нүктесін оның фронталь ізі, горизонталь проекциялар жазықтығымен қиылысу нүктесін профиль ізі деп атайдын боламыз.

Егер тұзу проекциялар жазықтыарының үшеуімен де қиылысатын болса, онда оны жалпы жағдайда орналасқан тұзу дейді. Жалпы жағдай тұзуі  $\pi_1$   $\pi_2$  және  $\pi_3$  жазықтықтарының көлбесінде орналасады, яғни ол проекциялар жазықтықтарының біреуіне де параллель болмайды. Жоғарыда қарастырған тұзулер жалпы жағдайда орналасқан.

Заттық жазықтыққа перпендикуляр орналасқан горизонталь тұзулердің перспективасы, мысалы, трамвай рельстері бар көшениң суреті. Тұзулердің перспективасын бейнелеу үшін ойша  $O$  көру нүктесінен тұзудің әр бір нүктесіне сәулелер және жазықтықтар құрастырылады. Бұл жазықтықтың және сурет жазықтығының айқасу нүктелері перспективті өзгерістерді көрсетеді.  $O$  көру нүктесінен  $1,2,3$  нүктелеріне созылған сәулелер сурет жазықтығымен айқасып, айқасу нүктелері көкжиең сызығына бағытталған тұзудің бойында орналасады,  $OP$  сәүлесімен жақындаған сайын сурет жазықтығынан алыстаиды. Проекциялаушы сәулелер орталық көру сәүлесінің орналасу жағдайына жақындаиды. Сурет жазықтығының негізінде орналасқан  $X$  нүктесінен сурет жазықтығына перпендикуляр бағытталған сәүле көкжиең сызығында орналасқан  $P$  орталық түйісу нүктесіне түйісп, тұзу перспективасын бейнелейді.

$O$  көру нүктесі және берілген тұзулер арқылы жазықтықтар жүргізейік.

Жүргізілген жазықтықтардың перспективті өзгеруі көкжиең сызығына параллель және перпендикулар орналасады.

Сурет жазықтығына  $45^\circ$  көлбесінде орналасқан горизонталь тұзулер, біріншіден, көкжиең сызығына жақын орналасып бейнеленеді, екіншіден, көру сәүлесінің бағыты және көкжиең сызығының арасындағы бұрыш сурет жазықтығынан алыстаған

сайын кішірейеді.(*OD1* және *OD2*сызығыкеңістікте көкжисек сыйығына 45°бұрыш құрайды).

*Бақылау сұрақтары:*

1. Сызықтық перспектива дегеніміз не?
2. Сызықтық перспективаның ережелері қандай?
3. Бұрыштық пен фронталь перспектива дегеніміз не?
4. Бұрыштық пен фронталь перспективаның айырмашылығы на неде?
5. Жалпы жағдайда жатқан түзудің перспектива дегеніміз не?
6. Жеке жағдайда жатқан түзудің перспектива дегеніміз не?

## **АУА ПЕРСПЕКТИВАСЫНЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ**

*Мақсаты:* Ауа перспектива заңдылықтарына талдау жасау.

Ауа перспективасы – кеңістіктегі заттар түстерінің көрушіден алыстаған сайын бұлынғыр немесе солғын болып езгеру құбылысы.

Егер ашық теңізге шығып, көюкекке көз салсандар, заттар бізден алыстаған сайын жарығырақ, бозғылтырақ бола түскенін байқайсындар.

Көз ұшындағы орман да алыс тау шоқыларындағы көгілдір тартады. Өйткені, біздің жанарымыз бер алыстағы нысананың арасында тығыз ауа қабаты жатыр. Әлгі заттардың өнін жұмсағып, түсін езгертіп тұрган да сол. Оны бірінші бол байқап, өз шығармасында бейнелеген — итальян суретшісі Леонардо да Винчи.

Ауа перспективасындағы бейнеленген көркем шығарманы З кезеңге беліп қарауға болады.

Мысалы: алдыңғы қатар, ортаңғы қатар және артқы қатар деген ұғымдар пайдаланылады. Жарық пен көленекке перспективасында - заттар жарық көзінен қашықтаған кезде оның жарық беті көмекі ал, көленеке беті солғын болып көрінеді. Жарық көзінен алыста тұрган зат бетінің жарығы өз деңгейінен артық бейнеленеді. Ауа перспективасында жарық пен көленкенің қарама қайшылығы, заттың көлемдігі, түстік бояуы сурет салушыдан қашықтаған сайын күрт езгеріп отырады. Мұның басты ерекшелігі ауа райына байланысты, ауа мөлдір емес, шаң - тозаң, ылғал, тұманданып бұлдырып көрінеді. Сонымен қатар бейнеленетін заттар мен суретшінің көз арасында ойша алынған тіке бағыттағы жазықтық болады. Оны сурет салу жазықтығы деп аталады. Перспектива заңдылығы бойынша сурет салғанда шартты кеңістік модуліне сүйенген дұрыс. Сонда ғана сауатты сурет салып, шынайы көркем шығарма беруге болады.

Ауа перспективасының заңдылықтары туралы мұғалім білім алушыларға мәнгертертін түсінкітері мыналар:

1. Көрушіге жақын орналасқан заттардың түстері ашық, айқын, ал алыстағылардың түстері солғын және жиынтық түстер түрінде қабылданады.

2. Суретшіге жақын орналасқан заттар түрі айқын, ал алыстағылар бұлынғыр, көмекі болып қабылданады.

3. Жақындағы барлық заттардың түстері қандай болса сол күйінде қабылданса, алыстағы әр түрлі түстердің ішіндегі біреуі басым больш көрініп, қалғандары соған жақындау түстерге айналады.

4. Қашықта тұрған жарық заттардың түстері өз түсінен қараңғылау, ал алыстағы қараңғы түстер жақындағы қараңғы түстерге қарағанда жарықтау болып көрінеді,

Ауа перспективасының бейнелеу ережелері мыналарды қамтиды:

1. Суреттегі кеңістікті білдіру үшін жақында тұрған заттардың бейнесін анық етіп, ал алыстағыларын солғын етіп бояу қажет.

2. Жақындағы заттардың пішіндеріндегі сыртқы сыйықтарын айқын, ал алыстағыларын бұлыштырып етіп бейнелейді.

3. Алыстағы тұрған жарық түсті заттарды бейнелегенде сол заттың өз түсінен сәл қараңғылау етіп, ал қараңғы заттардың түсін сәл жарықтау етіп бейнелеу қажет.

4. Жақындағы заттарды көлемді пішін етіп бейнелесек, өте ұзақтағы заттар тегіс жазықтық етіп бейнеленеді.

5. Жақындағы заттар айқын түстермен, ал алыстағылар солғын бұлыштырып түстермен жазылады<sup>5</sup>.

### *Бақылау сұрақтары:*

1. Ауа перспективасы дегеніміз не?
2. Ауа перспективасының ережелері қандай?
3. Ауа мен рең перспективалары дегеніміз не?
4. Ауа мен рең перспективаларының айырмашылығы неде?
5. Жоспар дегеніміз не?
6. Жеке жағдайда жатқан түзудің перспектива дегеніміз не?

<sup>5</sup> Кунжигитова Г.Б. Рсмаханбетова Ш.Е. Аханов Б.Ф. Бейсенов С.Д. Сызба геометрия және перспектива. Электрондық оқу құралы. М.Ауезов атындағы ОҚМУ.2014.

## **ЖАРЫҚ ПЕН КӨЛЕҢКЕ ПЕРСПЕКТИВАСЫ**

*Мақсаты:* Жарық пен көлеңкеке перспективасына мағлұмат беру.

Жарық пен көлеңкенің перспективасы заттардың жарық көзінен ұзақтаған сайын заттардың беттеріндегі жарық деңгейлерінің көмескі тартып өзгеру сипаты, кілеңкелердің солғын тарту көрінісі. Бейнелеу өнерін оқыту үрдісінде білім алушыларды перспективаның заңдылықтарымен таныстырып, оны мұғалім көрнекі құралдардың көмегімен көрсетіп отырады

Жарық көзінен кашықтықта тұрған заттардың бетіндегі жарық деңгейі, жарық көзіне алыс тұрған заттардың бетіндегі жарыққа қарағанда солғындау болады. Жарық көзі мен бақылауши арасындағы заттар басқа заттарға қарағанда өз түсінен қаранды болып көрінеді.

Жарық пен көлеңкеке перспективасының заңдылықтарына кіретін мына қағидалар білім алушылардың кеңістік түсініктерін арттыруға ықпал етіп, оларды дұрыс бейнелеуге жөрдемдеседі.

1. Жарық көзінен қашықта тұрған заттардың бетіндегі жарық деңгейі, жарық көзінен алыс тұрған заттардың бетіндегі жарыққа қарағанда солғындау болады.

2. Жарық көзі мен бақылауши арасындағы заттар басқа заттарға қарағанда өз түсінен қаранды болып өзгереді.

3. Егер бақылауши заттар мен жарық көзінің ортасында болса заттардың бетіндегі жарық деңгейі өз түсінен де жарығырақ болып өзгереді.

Аяқталған суреттің штрихтары заттардың пішіні бойымен жату тиіс және заттардың контурлық сызықтарын қамтымау тиіс.


Нұсқаға қарап сурет салу, тақырыптық сурет салу сабактарында мұғалім үнемі білім алушыларға перспективаны бейнелеудің ережелерін көрсетіп бағыт беріп отырады. Сондықтан сызықтық, аяқ, жарық пен көлеңкеке перспективаларының бейнелеу ережелерін білім алушыларға көрсету, олардың кеңістікті бейнелеуге үйретудің ұтымды жолы.

Жарық пен көлеңкеке перспективасын бернелеу кезінде мына ережелерді ескеру қажет:

1. Жарық көзінен алыста тұрған заттарға қарағанда, жақында тұрған зат бетінің жарығының деңгейін артық етіп бейнелеу керек.

2. Суретшіден алыстағы заттардың бетіндегі жарықтардың қарама-карсылығы (контраст) жақындағы зат бетінің деңгейіне қарағанда әлсіз етіп бейнеленеді.

3. Заттардың алыстағы көлеңкесіне қарағанда жақындағы көлеңкесі айқын анық салынады.



Сурет 24. Жарық пен көлеңкесі перспективасы



Сурет 25. Жарық пен көлеңкесі перспективасы

Перспектива заңдылықтарымен оның бейнелеу ережелерін білім алушыларға таныстыру – заттардың түрі туралы түсініктер берумен өте тығыз байланыста шешіледі<sup>6</sup>. (Сурет 24-25)

*Бақылау сұрақтары:*

1. Жарық пен көлеңкенің перспективасы дегеніміз не?
2. Жарық пен көлеңкенің перспективасының ережелері қандай?
3. Ая мен рең перспективалары дегеніміз не?
4. Ая мен рең перспективаларының айырмашылығы неде?
5. Жоспар дегеніміз не?


---

<sup>6</sup> Голубцов Д.И. Использование перспективных построений в живописи ведущих художников Казахстана: Магистерская диссертация на соискание акад. степени магистра педагогики / Д. И. Голубцов. - Шымкент: ЮКГУ им. М. Ауезова, 2001. – 71с.

## ШЕҢБЕРДІҢ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Мақсаты: Шеңбердің перспективасына мағлұмат беру.

Цилиндр - түйік цилиндрлік бетпен және өзара параллель екі жазықпен шектелген геометриялық дене. Цилиндр тіктөртбұрыштан және екі дөңгелектен тұрады. Тіктөртбұрыштың бір қабырғасы цилиндрдің биіктігіне басқа қабырғасы цилиндр табанындағы шеңбердің ұзындығына тең. Құмыра бірнеше геометриялық фигуналардан тұрады. Денелерді көшіре салмай, денениң құрылымына, оның геометриялық құрылышына талдау жасау керек. Бейнелейтін нәрсениң сыртқы пішіні жарық пен көленке арқылы айқындалады. Олардың белгілі атаулары бар. Нәрсеге сәуле түскен бет жарық, ең жарық жер - жылт, жарыққа қарама - қайши беті көлеңкесе, менишкіті көлеңкесе деп аталады. Жарық пен көлеңкесе әсіресе ашиқ, ақшыл заттарда айқын байқалады. Суретті штрихтау ісі көлеңкеден басталады. Қашықтағы тұрған заттардың түстері өз түсіне қарағанда қарандыра, алғыстағы қараңғы түстер жақындағы қараңғы түстерге қарағанда жарықтау болып көрінеді. (Сурет 26)




Сурет 26. Цилиндрдің перспективасы


Эллипстің жоғарғы және төменгі бөліктерінің жалпақтығы әр түрлі болады: жоғарғысы жінішке, төменгісі жалпақтау, себебі төменгі бөлігі жақында орналасады.(Сурет 27)

Коникалық пішінді затты бейнелеу реті:

1. Заттың жалпы биіктігі мен енін анықтау.
2. Төменгі негіздің жоғарғы жаққа және еніне салыстырғандағы қатынасына сәйкестендіріп белгілеу.
3. Ендік қатынасқа сәйкес заттың биіктігін анықтау.
4. Заттың жоғарғы және төменгі шенберлерін бейнелеу.



Сурет 27. Цилиндрдің перспектиvasы



Сурет 28. Коникалық пішінді затты бейнелеу

Коникалық және цилиндр пішінді заттарды бейнелеудің негізгі ережесі: шеңберлердің ұлкен осытері заттың осіне перпендикуляр орналасады.

*Бақылау сұрақтары:*


1. Шеңбердің перспективасы дегеніміз не?
2. Шеңбер перспективасының ережелері қандай?
3. Цилиндр мен конус тәрізді заттардың перспективалары қалай бейнеленеді?

## ЗАТТАРДЫ БЕЙНЕЛЕУ ӘДІСТЕРИ


Мақсаты: Заттарды бейнелеу әдістеріне талдау жасау.

1 мысал. 1) АВ және СD столбыларды бейнелеу әдістері:

- АВ және СD столбылардың төменгі нүктелерінен ВК кесіндігө тең көкжекең бойындағы М нүктесімен қосамыз.
- ВР сәулесі бойында қалған столбылардың орнын табамыз.
- АР түзуіне перпендикуляр орналасқан әрбір столбының биіктігін табамыз. (Сурет 29)



Сурет 29. Столбылардың перспективасын бейнелеу әдістері. (1)




Сурет 30. Столбылардың перспективасын бейнелеу әдістері. (2)

2) АВ және СD столбыларды бейнелеу әдістері:


- АВ және СD столбылардың О және О<sub>1</sub> орталарын табамыз.
- О және О<sub>1</sub> орталары арқылы АР түзуіне қыилыстырып үшінші столбының орнын табамыз.

2 мысал. Натурада бір-біріне тең заттардың екі шеткілерінің өлшемдері бойынша, АВ және СD, араларында орналасқан заттарды табу (Сурет 31, А):

- СВ диагоналін жүргізу.
- АВ биіктігін тең бөліктеге бөлу. Бөліктегін санын аралық заттардың санынан 1-ге артық алғынады (Сурет 31, Б):
  - АВ төменгі нүктесінен горизонталь түзуін жүргіземіз.
  - Горизонталь түзуінің бойында өлшемдері бірдей кесінділерді белгілейміз.
  - СD түзуінің төменгі нүктесі мен К нүктелері арқылы көкжиек сызынғында қыилысатын М нүктесін белгілейміз.
  - М нүктесімен ВК кесіндінің белгіленген қалған нүктелерімен қосамыз.



a




b

Сурет 31, А, Б. Аралық түзулердің перспективасын бейнелеу.

3 мысал. АВ және СD екі бейнеленген заттар арқылы аралығындағы 60, 40, 50, 30 м қашықтықта орналасқан заттарды табамыз. (Сурет 30)

- Көкжиек сызығында орналасқан К нүктесімен АВ және СD түзулердің төмөнгі нүктелерін қосамыз.
- Вв горизонталь түзудің бойында 60м тең ВD кесіндіні табамыз.
- D<sub>1</sub> оң жаққа ВР сәүлесінде 40, 50, 30м орындарында орналасқан нүктелерді К нүктесімен қосамыз.
- Қажетті заттарды табамыз.



Сурет 32. Аралық түзулердің перспективасын бейнелеу.

4 мысал. Бейнеленген заттың перспективасы арқылы кез-келген заттардың перспективасын бейнелеу. (Сурет 31, 32)

1-мысал. (Сурет 31)

- АВ түзудің перспективті сызықтарын бейнелеу.
- Кез-келген заттардың перспективасын бейнелеу үшін, оның Е орнын және биіктігін АР, ВР перспективті сызықтарға сәйкес табамыз.


2-мысал. (Сурет 32)

- АВ кесіндінің суретті жазықтықтың жаңындағы қырына оның натуралды өлшемін табамыз.
- Ол үшін суретті жазықтықтың К нүктесін (бұрышын) Р нүктесімен қосамыз.


- КР сәүлесіне АВ кесіндіні проекциялаймыз.
- $A_1$  нүктесі арқылы РМ сәүлесін жүргіземіз.
- суретті жазықтықтың жаңындағы қырында МК кесіндіні табамыз.

МК кесіндісі АВ кесіндінің натурал өлшемі болып табылады.

Жоғарыда анықталған әдіспен NZ, CD, EN түзулердің натурал өлшемін табуға болады.



Сурет 33. Кез-келген түзулердің перспективасын бейнелеу.



Сурет 34. Кез-келген түзулердің перспективасын бейнелеу.

*Бақылау сұрақтары:*

1. Заттардың перспективалары қалай бейнеленеді?
2. Бейнеленген заттар арқылы аралығындағы заттар перспективасы қалай бейнеленеді?
3. Натурада бір-біріне тең заттардың перспективасы қалай бейнеленеді?

## НАТЮРМОРТТЫ БЕЙНЕЛЕУДИН ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

*Мақсаты:* Академиялық суреттегі негізгі теориялық қағидалармен танысу.

Сурет салынатын объектінің күрылышына талдау жасап алғаннан кейін, сурет салушының алдында тұратын бірінші міндет суретті қағаздың бетіне дұрыс салу және оның мөлшерін белгілеу. Заттардың өзіне қарап сурет салғанда, олардың пішінін әр-бір белгі бойынша беруге тырыспай, бірден бүтіндей, сол тұрган қалпында салуға ұмтылған дұрыс. Нәрсенің суретін салуға кіріскенде ең алдымен оның жалпы пішінін белгілеп алып, содан ұсақ-түйектерін көрсетуге көшу керек. Бұл бейнелеу өнеріндегі бүтіндік заңы болып табылады. Сурет сағанда жалпыдан жалқыға карай көшу принципін ұстанған орынды: салынатын суретті қағаз бетіне дұрыс орналастыру, композицияның терең-тендігін дұрыс сактау, суреттің көлемін, орналасуын алдын-ала ойластыру қажет. Бейненің көлемін, мөлшерін табу: суреттің жоғарғы және төменгі шекараларын белгілеп алу керек. Қағаздың шетіне тақап салынған сурет композициялық үйлесімсіз болып шығады. Кейін объектінің негізгі пропорциялары белгіленеді, оның жалпы биіктігі мен ені анықталады.

Дененің пропорциялық қатынасын табу, шығарманың жоспарын жасау, оны жетілдіру үстінде нобайлар жасау. Бейнеленетін нәрселердің кеңістікте өзара орналасуын дұрыс белгілеу үшін әуелі қағаздың ортасында бірін-бірі кесіп өтегін бірнеше вертикаль, горизонタル сызықтар немесе көлбеу сызықтар сызылады. Бұл сызықтар (симметрия осьтерінен басқалары) нәрселердің көлбеу бұрыштарын анықтау үшін пайдаланылады.

Геометриялық дененің өлшем қатынасын беру. Сурет салудың алғашкы сатысында заттардың кеңістікте орналасу жағдайын анықтау үшін визирлеу әдісі қолданылады: сурет салушы қолын алға созып, қаламты қозінің денгейінде ұстап отырып, қашықтықта тұрган объектінің биіктігін анықтап, оны басқа заттардың көлемдерімен салыстырады. Визирлеу әдісі кеңістікте заттың шын мәніндегі орналасу жағдайын анықтап, оны суретте бере білуге көмектеседі, көзben мөлшерлей білуге үйренуге кедергі жасайды. Нәрсе бөліктерінің пропорцияларын визирлеу арқылы тексеру.

Кез өлшем ұғымы. Суреттегі өлшемдер қатысы нәрсениң озіндегі өлшемдер қатысына тең болуы керек. Калампен шаманы анықтағанда қолды алға барынша созып тұрып өлшеген жөн. Ұдайы жаттығудың арқасында көзбен мөлшерлеу, визирлеп өлшеуге қарағанда көзбен мөлшерлеуден дәлірек болуы мүмкін.

Перспективалық қатынасын беру. Сурет салатын әрбір студент қойылған нұсқадан белгілі қашықтықта отыру керек. Композициялық шешімнің тәуелділігі, берілетін қарсылықтармен түрлі қолданады: ірі көлемдегі пішіндер кішілерімен үйлесімді қолданылуы мүмкін және сфералық пішіндерден куб пішіндер жазықтықта орналасқан затпен тігінен тұрган заттарға үйлесімімен қолданылуы мүмкін.

Егер нұсқада заттардың артында мата қойылса, жартылай көленке, көленке қатынасын шеше алатында орналастырып сала білу керек. Ең негізгі - жарықтың тұсу ерекшелігіне негізделеді, жарық түсетін жерлерінің анықтылығы мен ірі көленкелі массаларын сала отырып, ұсақ-түйектерін біріктіру әдістері қолданылу қажет.

#### *Бақылау сұрақтары:*

1. Қағаз бетіне композициялық шешім қалай орналастырылады?
2. Бейненің көлемі мөлшермен қалай табылады?
3. Денениң конструкциялық қатынасы қалай табылады?
4. Геометриялық денениң өлшем қатынасы қалай табылады?
5. Кез өлшем ұғымы дегеніміз не?
6. Перспективалық қатынасын қалай табылады?

## ГИПСТИ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ДЕНЕЛЕРДЕН ҚҰРАЛҒАН НАТЮРМОРТ

*Мақсаты:* Жарық-көленке арқылы геометриялық денелердің конструкциялық құрылымын шығару қабілетін менгеру.

*Перспектива* (латынша «perspicere») - аргы-бергі жақты көруді білдіреді. Перспектива — бақылаушыдан түрлі қашықтықтағы заттарды бейнелеудегі сыйықтық құру заңдарын зерттейтін ғылым және перспективалық заңдар бойынша құрылған бейнені перспектива деп атайды.

Сыйықтық перспективадан басқа, ауа перспективасы деп аталатын перспектива да бар. Оған тараудың соңғы параграфы арналған. Ерте Ренессанс архитекторы Брунеллески математик Тосканеллимен ынтымақтаса отырып, сыйықтық перспективаның ғылыми негіздерін салды, Одан кейін итальян және неміс суретшілері Леон Баттиста Альберти, Пьero делла Франческа, Паоло Учелло, Леонардо да Винчи, Альбрехт Дюрер және басқалар өздерінің ғылыми еңбектері мен өнер туындыларында бұрын ашылған заңдарды дамытты. Одан кейінгі уақытта кез-келген затты кез-келген бұрылышта, кез-келген қашықтықта және қай жақтан қараганда да жазықтық үстінде дәл суретін беруге мүмкіндік жасайтын көптеген перспективалық құрылымы әдістері мен тәсілдері талдап жасалды. Теріс жердегі параллель сыйықтар, мысалы, рельстер және т. б., бізден ұзай отырып, ақырында көзben қараганда көюжиекте, яғни жер мен көк астасып жататын шартты сыйықта бір нүктеге айналатыны белгілі. Көюжиек сыйықтарының перспективалық құру орындалады: көюжиек сыйығы әрдайым бақылаушының көздері деңгейінде болады. Егер бақылаушы биіктे, мысалы, тау үстінде болса, көюжиек жоғарыладап, жер «жазыла» түскендей болады. Көюжиек сыйықтары тәмен түссе, көюжиек көз деңгейімен бірге тәмен түседі. Көюжиек жоғары түргандардың бәріне бақылаушы тәменинен, ал көюжиек сыйығынан тәмен түргандардың бріне жоғарыдан қарайды. Перспектива заңдылықтарын игеру суретшіге көптеген эсерлі композициялық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, шыгармадағы көюжиек сыйығының орналасу жағдайы кездейсоқ болмайды. Геометриялық денелер және курделі пішімді бейнелеу барысында

перспектива заның сақтағ, геометриялық заттардың жоғары немесе төмөнгі көкжиеқ сыйығын пайдаланып, бірнеше нобайлар жасауға болады. Сурет салған кезде геометриялық заттар жылтыр матада және жарық жерде орналасу керек, олар: цилиндр, шар, призма, конус, пирамида. Бұл ұсыныс - салынған заттардың жарық пен көлеңке жерін жақсы ажыратуға болады. Мысалы: перспективалық занылыштардың сақталуын, қай жерден жарық пен көлеңкенің түсіп түрганын, геометриялық денелердің орналасуын, объектілерін қыр-сырларының үйлесу негіздерін қарастырамыз. Ұзақ салынатын суретте және геометриялық денелермен салыстыра отырып, олардың бір-бірімен байланыстарын, кеңістіктегі орнын, жоғарыдан төмен қарай түсаралық байланыстарының занылыштарын сақтау қажет. Геометриялық денелердің суреттің салу арқылы тік бұрышты цилиндрлі және шар тәріздес бейнелерді жарық пен көлеңке арқылы денелерді моделдеуге мүмкіндік береді.

Сурет салудың негізгі тәсілдерінің бірі сыйық жүргізу, жінішке сыйыктар жүргізу арқылы болашақ пішіннің нобай жасалады, оның негізгі пропорциялары белгіленіп, суреттің жеке беліктері салынады. Сыйық жүргізу арқылы сурет кейіп белгіленеді. Пішіннің түрі түсетін жарыққа қарай өзгеретіндіктен, сыйықтың түрі де өзгереді. Мұндай сыйық штрих сыйық немесе кеңістік сыйық деп аталаады. Штрихтардың басқа сыйықтардан, сыйба сыйықтарынан, айырмашылығы - олардың кеңістік сипаттары көбірек. Мысалы, сыйыктар деп өзіндік дербес мәні бар ұзын сыйықтарды атайды, штрих - қысқа сыйық және ол басқа штрихтармен бірlestіктіе ғана белгілі бір мәнге ие бола алады, сыйыктар пішіннің шекараларын белгілейді және шет сыйығы жасалады, штрихтар тобы пішінге өңрек береді.


Жеңіл көрінетін сыйықтардың кемегімен болашақ жалпы пішіні, оның негізгі беліктері, пропорциясы белгіленеді, бастапқы нобай жасалады. Штрихтар онға, солға немесе төмен (өзіне қарай) сыйуға болады, ал қаламның ұшын жоғары қарай (өзінен әрі қарай) жүргізуге болмайды. Егер штрих сыйығы дұрыс жүргізілмеген жағдайда, оны өшірмейді, дәл соның жаңынан екінші сыйық жүргізген дұрыс. Сонда жінішке жүргізілген алғашқы дәл емес штрих сыйықтары суретке карағанда көзге түспейді де, сурет салынып біткенде ол сыйықтар көрінбей қалады. Штрихтармен нәрсенің түрін, жарық пен көлеңкені, нәрселердің рең үйлесімін,

қандай материалдан жасалғанын, қаламмен бірқатар штрихтар жасау арқылы суреттегі түрлі көленкелер қатынасы көрсетілу қажет, соңғы сатыда композицияны жалпылау.

Оку тапсырмасын түрлендіру студенттің белсенділігін арттырады, шығармашылық ынта-ықыласын оятады. Ұзак тапсырмаларды қысқа мерзімді тапсырмаларды алмастыруға болады. Натюромортпен жұмыс істеудің ерекшелігі, оны әр түрлі бағытта, жарыққа қарсы немесе көз дengейінен төмен немесе жоғары қойып, жасанды жарықта немесе табигат аясында орындауға болады. Оку натюроморты орындау барысында окушылардың кеңістік туралы түсініктеп қалаңтасады, сурет салудың ереже заңдылықтары менгеріледі. Натюромортты бейнелеу, ереже заңдылықтарын менгеру үшін алдымен пішіндер қарапайым заттардан тұратын натюроморт бейнеленеді - гипсті геометриялық денелерден құралған натюроморт - үшбұрыш пен куб, пішіндері, көлемдері және жарық көленкелері түрлі орналасады. Кез келген затты бейнелеу үшін олардың көлемі және өлшемдік қатынасы - бір-бірінен қатынасты үлкендігі немесе кішілігі – анықталады, бейнені түсіруге араналған қағаздың орналасу бағытын бейнеленетін заттардың көлеміне, кеңістіктеп орналасу ерекшелігінс байланысты таңдау алынады. Бейнелеуге алынған үшбұрыш пен куб екі гипсті геометриялық денелерден, бөліктерден тұрады. Заттардың көлемін жіктең алу суретті қағаз бетіне тұрғызууды жеңілдетеді. Сурет әдette жүйелі кезеңдермен біртіндеп бейнеленеді. Ол кезеңдер бейнеленетін заттардың көлемінің күрделігіне қарай 3-4 немесе одан да көп кезеңдерден тұрады. Алғашқы кезеңде - заттардың жалпы алатын орнын қағаз бетіне үйлестіріп белгілеуден басталады, үшбұрыштың биіктігі мен енінің өлшемі, кубтың биіктігі мен енінің өлшемімен салыстырылғанда қандай, бір-бірінен қандай қашықтықта орналасқаны ескеріледі, есте сақтайтын нәрсе заттар бейнесін қағаздың ортасынан, жанжағынан өте көп орын алмауы тиіс немесе қағаз шетіне өте жақын орналаспауы керек. Екінші кезеңде қағаз бетіне белгіленген заттардың орындарының ішіне жекеленген заттардың өздеріне тән бөліктерінің пропорциялық қатынастарын салыстыра отырып геометриялық денелер пішінінде бейнелейді. Зат көлемін дұрыс бейнелеу үшін оның тасаланып көрінбей тұрған жерлерін де бейнелеу керек, көмекші сыйықтар арқылы заттардың дәл бейнесін

анықтап бейнелейді, заттар бейнесінің дұрыстығын тексерген соң көмекші сзықтарды штрихтайды.

Үшінші кезеңде заттарға түсken жарық пен көленкенің алыш жатқан орындарын анықтап, шекараларын белгілейді. Жарық заттарға сол жағынан түскендіктен, негізгі ең қою көлеңке заттардың оң жағында орналасқан, ал жарықтың тікелей түсіп ең жарықтанған жылт бөлігі заттардың сол жағында орналасқан. Жарық көлеңке реңдерінін алатын орындары белгілі болған соң, төртінші кезеңде заттар бейнесінің ең қою негізгі көленке жерінен бастап жарыққа қарай біртіндеп штрихтай бастайды. Жарық көлеңке түсіру арқылы нәрсенің көлемің және қандай материалдан жасалғандығын білдіруге болады. Штрихты нәрсе көлеміне байланысты доға және көлбек түсіру арқылы, заттың бейнелік көлемін одан әрі айқындаі түсуге болады. Жұмыстың соында натюрмортың композициялық бірлігін, жарық пен көленкенің жарасылымдығын қадағалап, мұқият тексеріп көрген жөн.



Сурет 35. Геометриялық денелерден құралған натюрморт

### *Бақылау сұрақтары:*

1. Қағаз бетіне композициялық қалай орналастырылады?
  2. Перспектива жайында негізгі ұғымдар қандай?
  3. Геометриялық денелер және күрделі пішімдер қалай бейнеленеді?
  4. Жарық көлеңке арқылы денелерді қалай моделдейді?
  5. Композициялық жалпылау дегеніміз не?

## ҮЙ ЗАТТАРЫНАН ҚҰРАЛҒАН НАТЮРМОРТТЫ БЕЙНЕЛЕУ

*Мақсаты:* Конструкциялық білімдерін сурет салу арқылы бекіту.

Қағаз бетіне үй заттарынан құралған натюрмортты бейнелеу геометриялық денелерді еске түсіріп, натюрморттағы нақты бұйымдардың пішіні бейнеленеді.

Суретті бейнелеу келесідей сатылардан құралады: бейне үйлестіріледі, көлеміні табылады, орналастырылады, модельдеу пропорциясы мен құрылымы байланысты ескеріледі: цилиндрлі заттар түрлі бұрылымынан құралады.

Суреттегі қойылымның басты міндеттің бірі – қеңістіктегі терендікті бейнелеу, сзызықтық перспектива заңын қолданып бейнені үйлесімді орналастыру.

Сурет салудағы негізгі ұстаным – жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға, оңайдан қыынға өтуді қарастырады: бірінші сатыда - ұзақ салынатын суретте алдымен пропорцияның негізін, модельдің өзгешілігін, көзге көрінбейтін беліктерін орналастыру қарастырылады. Беліктер кұрылымды, пішінді, бейнелі, нақты беліктерге іріктеледі, заттардың қеңістікті орналастыру жағдайы анықталады және суреттің жоғары - томенгі, он мен сол жағындағы шекаралары белгіленеді, бейненің беліктерінің өзара қатынаста дұрыс көрсетілу тиіс, перспектива құрылышы, жарық пен көленде, суреттегі өлшемдер қатысы нәрсенің өлшемдер қатысына тең болуы керек.

Бейнелеуге алынған үшбұрыш және куб - екі гипсті геометриялық денелер - жүйелі кезеңдермен біргінде бейнеленеді, олар бейнеленетін заттардың көлемінің күрделігіне қарай 3-4 немесе одан да көп кезеңдерден тұрады.

Алғашқы кезең - заттардың жалпы алатын орын қағаз бетіне үйлестіріп белгілеуден басталады, үшбұрыштың биіктігі мен енінің өлшемі, кубтың биіктігі мен енінің өлшемімен салыстырылып, бір-бірінен қашықтық өлшемі ескеріледі.

Екінші кезеңде - қағаз бетіне белгіленген заттардың орындарының ішіне жекеленген заттардың өздеріне тән беліктерінің пропорциялық қатынастарын салыстыра отырып

геометриялық денелер пішінінде бейнелейді және оның тасаланып көрінбей тұрган жерлері де бейнеленеді, көмекші сыйықтар арқылы заттардың бейнесін анықталып бейнеленеді.

Үшінші кезең - заттарға түскен жарық пен көленкенің алып жатқан орындары анықталады, олардың шекаралары белгіленеді. Жарық заттарға сол жағынан түскендіктен, негізгі ең қою көленке заттардың оң жағында орналасады, жарықтың тікелей түсіп ең жарықтанған жылт бөлігі заттардың сол жағында орналасады.

Төртінші кезең - заттар бейнесінің ең қою негізгі көленке жерінен бастап жарыққа қарай біртіндеп штрихтай бастайды. Жарық - көленке түсіру арқылы нәрсенің көлемін және қандай материалдан жасалғандығын білдіруге болады. Штрихты нәрсе көлеміне байланысты доға және көлбеу түсіру арқылы, заттың бейнелік көлемін айқындаі түсуге болады.

Бейнеленетін объектілердің жарық түсіп тұрган жағы жарық деп аталады, қарама-қарсы жағы көленке деп аталады. Заттың жарық көзінен сәулелер түспейтін жактарында менишікті көленке пайда болады. Жарық түсіп тұрган заттан екінші заттың бетіне түсетін көлеқкені түспе көленке деп атайды. Жарықтан келеңкеге аудысар жерін шала көленке деп аталады. Менишікті көленкенің жарықтау жерлерінде рефлекстер болады. Бұлар жақын тұрган заттардан шағылышқан сәулелердің менишікті көленкеге түсінен пайда болады. Жылтыр немесе мөлдір заттардың бетіне түскен ете ақшыл дақтарды көрү қын емес. Бұл заттың, өзіне түскен сәулелерді ең көп шағылыштыратын жері. Бұл дақтар заттардың дөнес және ойыс беттерінде, қырларында көбірек байқалады.

Жарық-көленке арқылы денені моделдеу.

Суретте жарық пен көленкені бейнелеуге кірісерде заттың қай бөліктеріне жарық түсіп тұрганын, қай жерлері көленке, түспе көленкелер қай жакқа қарай бағытталып тұрганын дұрыс ажырату үшін жарық көзінің қандай екендігін, жарық сәулелерінің бағытын анықтап алудың маңызы зор. Суретте жарық пен көленкене өндірілген арқылы беріледі. Өннің қоюлығы не бәсендігі заттың көленкелері мен оған түскен жарықтың арасындағы қатынастарға сәйкес ажыратылады. Бейнеленуші объектінің түс қатынастары суреттегі өндердің қатынастары арқылы беріледі. Түстердің және жарық пен көленкенің үйлесімін берген кезде ақшыл нәрседегі (мысалы гипстегі) көленке, қара нәрседегі (мысалы қоңыр матаның

бұктелген жеріндегі) жарықтан ашығырақ болатынын есте ұстаған жөн. Өні берілетін суреттерді салғанда өндер қатысын салыстырып, анықтап алу керек.

Сурет салғанда ең алдымен заттың жарық түсіп тұрған бөлігіндегі ең жарық нүктені, көлеңке түсіп тұрған бөлігіндегі ең күнгірт жері, ең жарық рефлекс белгіленеді. Суретте ең тұтас берілуі тиіс. Суреттегі нәрсенің пішінін, түсін және жарық заттың сыртқы бетінің түсі оның өні деп аталады. Пропорциялар мен негізгі пішіндер анықтағанда түсіп тұрған көлеңкелерден бастамау керек, өйткені олар заттардың негізгі пропорцияларын да, бедерін де белгілемейді. Көлемді салғанда оған түскен жарықты, жартылай өнді, көлеңке мен рефлексті таба білу міндетті шарт екендігі әрдайым есте болу керек.

Жарық пен көлеңкенің арасындағы айқын қарама-қарсылық заттар бақылаушыға неғұрлым жақын тұрса, жарық түсіп тұрған беті мен көлеңке арасындағы қатынас қанықтау болады. Алдыңғы жоспарда қатынас қанық болады, екінші, үшінші және арғы жоспарларда рең қарсылығы азая береді, бақылаушыдан алыстаған сайын нәрсенің жарық түсіп тұрған жерлері біртіндеп күнгірттеге береді; күнгірт жерлері бұлдырлана түседі. Сурет салғанда нәрсенің көлемін барынша айқын көрсетуге талаптану керек. Жарық пен көлеңкені дұрыс түсіру арқылы нәрсенің көлемін дәл беру суреті салынып отырған заттың жарық пен күнгірт жерлерінің қатынасын дұрыс бейнелей білу керек.

Заттардың конструкциялық құрылымын, пішінін сомдауға штрихтардың көмегімен жартылай жарық, көлеңке, денеге құлай түскен көлеңкенің айырмашылығы реттеледі. Реттеу штрихтың түрлі жиілігімен, қоюлығымен анықталады. Жарық жерді бір қабат, жартылай жарықты екі үш қабат, көлеңке үш-төрт немесе көп қабат жиілікпен штрихталады. Штрихтауды көлеңкеден жарыққа қарай жүргізген ыңғайлы, бірақ өзгермейтін зандалылық болмайды, сондықтан керісінше жарықтан көлеңкеге де жүргізуге болады. Әр дene штрихталғанда штрихтың бағытын денениң сыртқы пішініне сәйкес жүргізу керек. Барлық денени сомдап шығарғанин кейін, негізбен байланысқа қоңіл бөлінеді. Негіз горизонталь жазықтан қараңғылау болғанымен кубпен параллелепипедтің көлеңкесінен жарықтау, денениң көлеңкесі

жарыққа құлай түсken көленкеден жарықтау, ең қанық болып денеден құлай түсken көлеңкелер болады.



Сурет 36. Үй заттарынан құралған натюрморт

Бейнені аяқтау үшін кез келген бейнені қағаз бетіне кең түрде ойластырылады: ұзақ салынатын суретте алдымен пропорцияның негізін, модельдің өзгешілігін, көзге көрінбейтін бөліктерін бейнелеу заңды: құрылымды, пішінді, бейнелі, нақты заттар іріктеледі, көлеңке мен жарық байланыстар бейнелерді салумен қатар жүргізіледі және бейне аяқталады.

*Бақылау сұрақтары:*

1. Қағаз бетіне үй заттарынан құралған натюрморттың бейнелеу реті қандай?
2. Сурет салудың алғашқы сатысында заттардың жазықтықта қалай орналастырылады?
3. Сызықтық перспектива арқылы дененің конструкциялық құрылымы қалай анықталады?
4. Жарық-көлеңкес арқылы денелер қалай моделденеді?
5. Заттардың конструкциялық құрылымы қалай анықталады?

## **КҮРДЕЛІ ЕМЕС ДЕНЕЛЕРДЕН ҚҰРАЛҒАН НАТЮРМОРТЫ БЕЙНЕЛЕУ**

*Maçsat:* Денелердің перспективалық, конструкциялық қатынасын беру.

Күрделі емес натюрморт мatalардың қатпарымен тыңғылышты үйреніп алу қажет.


Сурет салу барысында әр түрлі қозғалыстағы мата қыртысының пішінін есте сақтап алу керек. Заттардың үстіне мата қалай жабылса, мата қатпарының суреті солай салынады. Жабылған заттың үстіндегі мата қатпары ірі болып түссе, жиегіне майды болып түседі, түскен мата қатпары анық салыну керек, ейткені ол түрлі бағытта орналасады. Егер мата екі жерден ілініп тұрғанда қатпар екі бағытта түседі, мата бір жерден қыстырығанда бірнеше қатпарлар түседі. Мата тартылғанда қатпарлар түзеледі, бұрышынан тартылғанда қатпарлар радиалды бағытта түседі. Қатпардың орналасуы матаның фактурасына байланысты: барқыт, шай, кенеп, мақта мatalар. Суреттеуде графитті қалам, тушь, пастель немесе көмір пайдаланады.

Көмір жұмсақ материалдар қатарына жатады. Көмір таяқшаларын ағаштардың жіңішке бұтақтарын отқа жағу арқылы дайындаپ алуға болады. Ол үшін биіктігі 20-25 см. консерві қалбырынға құрғақ құм толтырады, ішіне қабығы ашылған, биіктігі қалбырдың бойындаш шыбықтарды шаншиды, қалбырдың бетін жауып отқа қыздырады. Шыбықтар әбден күйген кезде оттан шығарып алыш, суытады, сосын сол күйінде пайдалануға болады. Фабрикада арнайы дайындалған көмірлер де болады. Қолдан дайындалған көмірге өсімдікten жасалған желім қосылады, мұндай көмірлер беті бұдыр қағаздарға жақсы жүгады.

Графитті қалампен және көмірмен салынған суреттерді ұзақ сактау үшін олар фиксаторлар арқылы өнделеді. Фиксаторлар түрлі әдістер көмегімен дайындалады, мысалы, қаймағы алынған сиыр сүті алынып, оған сол мөлшерде су қосылады, дайындалған ерітінді қағаз бетіне бүріккіш арқылы бүркеледі. Графитті қалам мен көмір арқылы салынған суреттерді фиксатор көмегімен бекітеді.

Сурет салудың негізгі тәсілдерінің бірі сызық жүргізу, жіңішке сызықтар жүргізу арқылы болашақ пішіннің нобайы жасалынады.

Сызықтар аркылы негізгі пропорциялар белгіленіп, суреттің жеке бөліктері салынады, бейненің кейін белгіленеді. Пішіннің түрі түсетін жарыққа қарай өзгеретіндіктен, сызықтың түрі де өзгереді: штрих сызық немесе кеңістік сызық. Штрихтардың басқа сызықтардан (сызба сызықтарынан) айырмашылығы - кеңістік сипаттарты көбірек, мысалы, сызықтар деп өзіндік дербес мәні бар ұзын сызықтарды айтсақ, ал штрих қысқа сызық, әрі ол басқа штрихтармен бірлестікте ғана белгілі бір мәнге ие бола алады.



Сурет 37. Күрделі емес заттардан құралған натюрморт

Женіл, баяу көрінетін сызықтардың кемегімен болашақ жалпы пішіні, оның негізгі бөліктері, пропорциясы белгіленетін бастапқы нобай жасалады, кейін қысқа, әсерлі сызықтар аркылы негізгі пішін, кеңістік беріледі: штрихтар онға, солға, тәмен, өзіне қарай сызуға болады, қаламның ұшын жоғары қарай, өзінен әрі қарай жүргізуға болмайды. Штрих сызығы дұрыс жургізілмеген жағдайда, ол өшірілмейді, дәл соның жанынан екінші сызық жүргізген дұрыс болады. Сонда жіңішке жүргізілген алғашқы дәл емес штрих сызықтары көзге түспейді, сурет салынып біткенде олар көрінбей

қалады. Штрихтармен нәрсенің түрін, жарық пен көленкені, нәрселердік рен үйлесімін, қандай материалдан жасалғанын, каламмен бірқатар штрихтар жасау арқылы суреттегі көленкелер қатынасы көрсетіледі.

Натюромортты толық аяқтау үшін жарық пен көленкелер белгіленіп, қоюлықтарын көрсетіп штрихтайды.

Жарық пен көленкелер бірнеше түрлерге белінеді: жарық - қандай да бір затқа сәуленің мол түсін тұрган жері, жылт сфералық жазықта пайда болады, жартылай жарық - сәуле затқа көлбей түсіп, пайда болған жарық, көленке мен жарықтың арасындағы байланысшы қызметтің атқарады, көленке - сәуле түспей тұрган ең қаранғы жері, денениң өзінің көленкесінен қоюлау болады. Денениң көленке жағында басқа денеге түскен жарықтың эсер етуінен пайда болатын әлсіз жарық - рефлекс деп аталады. Жарық пен көленке ашық, ақшыл заттарда анық байқалады.

*Бақылау сұрақтары:*

1. Күрделі емес натюромортты бейнелеу сатылары қандай?
2. Заттардың орналасуы, материалы қалай бейнеленеді?

## ГИПС АДАМ БАСЫН БЕЙНЕЛЕУ

*Мақсаты:* заттардың конструкциялық байланысын, бөлшектерінің қатынасын бейнелеу.

Гипстен жасалған адам басының құрылым заңдылықтарын менгеруді жұмыс реттілігін қатаң сақтау арқылы қол жеткізуге болады.

Гипсті басты (Венера, Аполлон, Антиной) қағазға дұрыс орналастыру үшін бүкіл моделін көз алдыңа келтіру керек, майда бөлшектеріне назар аудармай, көз мөлшерде бастың көкжек сзығына сәйкес орналасуын ұқыпты қадағалау қажет. Мысалы: көк жиек сзығынан биік орналасып бейне сол жаққа бұрылып тұрған сәті пропорциясы сақталған күйінде, үйлесімді орналасуы, профиль орналасқан бастың артқы бөлігі алдыңғы бөлігіне қарым-қатынасы, ара кашықтығы, өлшемі, адам басының асимметриясы беттің жеke бөлігінде, көздің орналасуында, ауыз қуысында көрсетіледі.


Жұмыстың бірінші кезеңі көріністі қағаз бетіне түсіруден басталады. Сурет салуға кіріспес бұрын, затты барлық қырыннан қарап шығу керек, жазықтыға бастың орналасуы мен жалпы көрінісін түсіну керек: гипс бастың бұрылысына жарық әсер етеді, суреттің мөлшері бастың биіктігінің еніне қатынасына байланысты анықталады.

Бірқатар суретшілер профиль бас бейнелегендеге бет бөлігі жағынан үлкен кеңістік қалдыру керек деп ойлайды.

Ұлы шеберлер профильді бейнелеуде бет бөлігі жағынан аз орын қалдыру Қайта өрлеу кезеңі суретшілерінің көптеген портреттерінен байқалады, мысалы: Полісейло «Әйел портреті», Боттичелли «Сұлу Самонетта», Леонардо да Винчи «Беатриче фон Есте».

Үш/терт бұрылысты бастың бейнесі, жарық сол жақтан түседі, бастың беткі бөлігінде үлкен кеңістік қалатындан етіп, суреттеу қағаздың оң жағыннан басталады. Бастағы көлеңке, оң жағында орналасқан үйлесімді тенестіру үшін сол жағыннан, негіз беріледі.

Жұмыстың екінші кезеңі: бастың ерекшеліктерін, пропорция мен еңкейген көрініс ерекшеліктерін, анатомиялық құрылышын, бас сүйектің құрылышының ерекшеліктерін анықтау.



Сурет 38. Гипс бас бейнелеу

Бас сүйектің құралымы 6 негізгі сүйектен тұрады, бет бөлігі 3 тәң бөлікке бөлінеді: шашпен жабылған сызықтан қас сызығына дейін, қастан мұрынга дейін, мұрыннан иеккे дейін.

Жұмыстың үшінші кезеңі: бастың көлемді пішині анықталады, бастың кеңістіктегі жағдайы мен көлемін дұрыс беруге көмектеседі.

Адам бастың сызықтық сыйбасын А.Дюерердің суретінде жақсы көрсетілген - бастың сызықтық құрылышы және анатомиялық құрылымы білгіленген.

Бастың пішині жазықта дұрыс бейнелеу суретшіден ой жұмыс пен ғылыми білімді қажет етеді. Дұрыс бақылау жасай білу үшін, суретші жарықтың ерекшеліктерін, адам денесінің құрылышын білу керек.

Суретті жазықтықтың ортадан сәл жоғары, оң және сол шетінен тең арақашықтықта орналастырады, контурсызықтары, штрихтардың қоюлығымен жойылып кету керек.

Бассүйек қорабының құрылышына, бұлшық еттердің орналасуының анатомиялық заңдылығына назар аударып, беттің сызбасын зерттеуі тиіс, натураны мұқият қарап болғанинан кейін, оны түрлі бұрылыштар мен ракурстарда зерттеп, басты бейнелеуге мейлінше қолайлышты таңдала алғанинан соң, жұмысқа кірісуге болады. Ол үшін көптеген көмекші сызықтарды пайдалана отырып, бастың бейнесі қағаз бетіне түсіріледі де содан кейін мұрынның үстіңгі қырын қуа, бетті как жарып, төмен қарай тік ортақ сызық жүргізіледі. Бастың жасалған бейнесі көлденең сызықтар арқылы бірдей етіп үшке бөлу керек. Төменгі бөлікті тең етіп тағы да екіге бөліңіз, ол еріннің төменгі шеті болуға тиіс. Бұдан кейін жоғарыдағы бірінші сызықтан (қастың үстіндегі кисық сызық) бастап, көздің ұсын қоршай сызықтар жүргізіп, белгілеп, екінші көлденең сызықтың біткен жерінен мұрынның төменгі жағын (танауды) белгіленеді.

Танау сызығы мен еріннің төменгі жақ сызығының арасындағы кесіндінің көлденең сызықпен екі жарсақ, ол еріннің жоғарғы жиегі болады. Еріндердің жоғарғы және төменгі жиектері арасындағы кесіндіні де екіге бөлінеді, бұл сызық ауыздың орны болып табылады.

Қима басын салып отырып, бірінші кезекте композицияның қағаз бетіне дұрыс орналасуын, сурет екіге бөлінетіндегі анфастың бейнелік моделін тік бұрышқа жақын орналастырылады, бастың бейнелік ұзындығы өлшенеді, бейненің негізгі қатынасы анықталу қажет. Ұзындық пен енін белгілеп болғанин соң, маңдай бөлігі мен бет жақтары келтіріледі, маңдай, мұрын, ауыз, көз бөлшектері белгіленеді. Екі көздің арасындағы өлшем, бір көздің ұзындығына тең болады.

*Бақылау сұрақтары:*

1. Адам басы қалай бейнеленеді?
2. Беттің құрылымдық байланысы, бөлшектерінің қатынасы қалай анықталады?
3. Беттің сызбасы қалай анықталады?

## АДАМ ТҮЛҒАСЫН БЕЙНЕЛЕУ

*Мақсаты:* адам тұлғасының жалпы пішінін менгеру.

Басты бейнелеу кезінде перспективалық орналасу нүктесі мен көкжисек сзығының орналасу орнын ескеру қажет: маңдай-сүйек бөлігі, қас-аралық, бет-сүйектер, мұрын қанаттары, ауыз қуысы, көздердің орналасу орны мен сыртқы бұрыштары.

Бастың бейнесі - уш негізгі бағытта, профиль, фас түрінде орындалады.


Суреттегі екі иықты қуа түскен сзықтағы нүкте табанды көлдененде түскен сзықтағы нүктемен түйіскенде тік тұрған адамның суреті дұрыс салынып жатқандығы болып есептелінеді, қарсы қараап тұрған адам тұлғасын салып үйренигенен кейін, қырынан салып үйрену керек.

Адамның бойының биіктігін сегіз бастың биіктігіне тең болады - классикалық пропорция болып есептелінеді. Бірінші сзық бастың жоғарғы нүктесінен иекке дейін, екіншісі - иектен бастап төс сүйектің ұшына дейін, үшіншісі - төс сүйектің ұшынан кіндікке дейін, төртіншісі - кіндіктен шаптың сзығына дейін, бесінші бөлігі - жамбас сүйек пен аяқтың басымен қоса есептегендеге төрт бастың биіктігіндегі болуға тиіс. Сонымен бас пен кеуде адам бойының жартысы болып табылады. Иықтың ені екі бастың биіктігіне тең. Бірақ бұл пропорциялар ауытқи береді, көбінесе кем болып шығады. Отырған адамды суретке салу анағұрлым қынға соғады, себебі отырған адамның мүшелері қалыптағыдан өзгеріп көрінеді.

Иық, бас, мойын және бастың пластикалық байланысуларын бейнелегендеге мынандай әдістер қарастырылады: модельдің мінезін анықтау. Үлкен бейне кішіге, денелердің салыстырмалы бүтіндік-тұғастыққа әкеп соғады.

Бұрышы өткір болған сайын, күн сәулесі бір бағытта, бір қалыпты, бейненің жоғарғы жағына түскен сайын, өні қарада түседі. Осы алаңда орналасқан және көлеңкенің ең қараңғы жері, күн сәулесі мүлдем түспейтін орындар: мұрын қуысы, көздің қарашығы, ең жарық жері - мұрынның төбесі, маңдай бөлігі, бет сүйегінің шығыңқы жерлері және т.б. Уш - төрт бағыттағы бастың бейнесінде бірнеше профильдік сзықтар жүргізіледі, бет сзықтарының орналасу бағыттары анықталады, бастың конструктивті нобайы бейнеленеді, оның жалпы көлемі, көрінбейтін жақтары белгіленеді.

Сурет профиль бағытта салынғанда келесі қатынастарды ескеру қажет: көздің орналасуы мен өлшемі, ара қашықтығы, көздің қарашығын орналасуы, құлақ пен көзді ара қашықтығы, осьтік сызықтардың орын, құлақ, мұрын мен қастың бір-біrine байланыстары, бет пен құлақтың байланысады.



Сурет 39. Натурадан бейнелеу

Адам басының конструктивті құрылымы оның өніне, үлкен массаларына, пішініне байланысты.

Бейнені тыңғылтықты орындауы, масштабтардың байланыстары мен сзықтарды орындау, мысалы: штрих пен көленке-жарық арқылы бейнені шығару, реңдік байланыспен жан-жақты шығару.

Суретті қорытындылау. Берілген бағыт түзу профильдік сзықта айналып, бастың вертикаль бағытта орналасқанын, бастың еңкейгенін көрсетеді. Бейненің ерекшелігі – сзықтардың, штрихтардың анық берілуін талап етеді.

Сызықтық суретте, алғашқы кезеңде, жоспар бойынша қарама-қарсы анық сзықтар бейнеленеді; келесі кезеңде, қаламның жай басуымен орындалады, соңғы кезеңде, қағаздың белгісіне графикті қолданып салуға болады.

Натураны мұқият қарап бас мүшелерін қағаз бетіне түсіру. Сурет саларда студент бастың негізгі моделін салуға талпынады, қағаздың бетіне қаламды жай басып, өшіргішті жи қолдану керек. Қаламды қатты басып, өшіргішті көп қолданған жағдайда қағаз лас әрі суретің нашар шығуы мүмкін. Бастың бейнесін, конструктивті нобайын, негізгі моделін, құрылымын бейнелегендеге негізгі профиль сзығы мен осьті симметрия сзықтарын қолдану керек. Нұсқаға қарап отырып, бейненің негізгі масштабын, бет бөлшектерін, қаңқасын бақылап орналастыру керек. Мәндай белігін салғанда, оның шығындықы, құлама келуін көріп алу қажет. Бастың төбе сүйегі мен желкесін бақылап, ұқастырып, мұрынның ұзындығынан бастап, иеккे дейін ара қашықтықтарын өлшеп, белгілеп алған жөн. Бастың конструктивті жалпы көлемін жалпылау керек.

Суретті профиль бағытта салған кезінде келесі қатынастар ескеріледі: көздің орналасуы мен өлшемі, ара қашықтығы, көздің қараышының орны, құлак пен көздің ара қашықтығы, құлак, мұрын, қастардың, иық пен мойынның, бастың бір-біріне байланыстары, орналасулары, бастың еңкейіп тұрғаны, иық пен мойын, беттің жақтары құлақпен байланыстары, жұмыстың тыңғылықты орындалуы, масштабтардың байланыстары мен сзықтардың орындалуы.

Мысалы: штрих пен көленке-жарық арқылы көзді жақсы шығару және мәндай белігін тұсаралық байланыспен жан-жақты шығара білу, сзықтық бейненің кеңістікте дұрыс орналасуы, сзықтық бейне, пішіннің ось сзығына бағыну тиіс. Бірінші

кезеңде бейне анық көрінбеуі мүмкін, екінші сатыда өлшемі толық анық орындалу керек. Келесі сатыларда суреттің жеке беліктеріне көп қоңыл беліну қажет. Мысалы: мұрынның ұлкендігі, көздің орналасуы, көлеңкенің қай бағытта мұрын мен маңдайға түсіп тұрганы және жарықтың шағылып тұрганы.

Бастың пішімі шар тәрізді, маңдай белігі бес жазықтықтан тұрады: фронтальді, екі шегікі және екі биікті жақ көз жанары шар тәрізді домалақ келеді, жоғарғы және төменгі көз қабағы мен көз қалташығынан тұрады, көз алмасының қымылын астыңғы қабағы өзгерtedі. Мұрынның келбеті торт жазықтықтан тұрады.

Бастың бейнесі көлденен сзызықтар арқылы бірдей үшке белінеді. Төменгі белікті тең етіп тағы да екіге белінеді, ол еріннің төменгі шеті болуы тиіс. Бұдан кейін жоғарыдағы бірінші сзызықтан (қастың үстіндегі сзызық) бастап, көздің ұясын қоршай сзызықтар жүргізіп, екінші көлденен сзызықтың біткен жерінен мұрынның төменгі жағын (танауды) белгілеп алынады. Танау сзызығы мен еріннің төменгі жақ сзызығының арасындағы кесіндіні көлденен сзызықпен екіге белінген орны - ол еріннің жоғарғы жиегі болады. Еріннің жоғарғы және төменгі жиектерінің арасындағы кесіндінің екіге белінген орны – ауыз құсының орны болып табылады.

Портреттің көркемдік күндылығы - сыртқы ұксастықпен катар оның рухани, ішкі жан дүниесіндегі ерекшеліктері, дүние танымы орын алады.

Бейненің бүтіндігін көркем шыгарма элементтері, жекелеген элементтер, тұғас алиганда шығарманың көлем ара қатынасын айқындаиды, зат боліктерінің арасындағы сәйкестікі білдіреді. Сурет салғанда заттың өзіне тән ерекшеліктерін, оның пропорцияларын, биіктігінің көлдененеңіне, бір белігінің екінші белігіне шама қатынасын анықтау қажет. Пішін бетіндегі көлеңке жарықты орналастыру: көлеңкелер, түспе көлеңкелер, жарықтың бағытталуы, жарық көзінің негізі анықталу қажет. Суретте жарық пен көлеңке өң арқылы беріледі: өңнің қоюлығы немесе бәсендігі, заттың көлеңкелері, оған түсken жарық, жарық пен көлеңкенің үйлесімі: ақшыл нәрседе (мысалы, гипсте) қанық, қара нәрседе (мысалы, қоңыр матаның бүктемесі) жарықтан ашығырақ болатынын есте сақтау керек.

Бас сүйегі қанқасы күрдели: жоғарғы белігі - ми сауыты, төменгі белігі - бет белігі. Ми сауытының атқаратын қызметі - миды сыртқы

әсерден, сокқыдан қорғау, көру, есіту, иіс, дәм сезу мүшелері орналаскан. Ми екі бөлікке маңдай сүйегі мен жоғарғы жақ сүйегінің жігі арқылы бөлінеді.

Ми сауыты бірнеше сүйектердің жиынтығынан тұрады, олар: маңдай, самай, тәбе, шүйде, және сына сүйектері. Маңдай сүйегі бастың алдыңғы бөлігін құрайды, ол екі көз шүңірегі, мұрын және жазық келген қабыршақ бөлігінен тұрады. Көз шүңіректері көз шарасының жоғарғы қабырғасын түзеді, ал мұрын бөлігі мұрының кеңсірік сүйегімен жалғасады. Маңдай сүйегінің адамға тән екі шығыңқы денесі болады, одан тәменірек қос қас доғасы жатады, бұл сүйек артқы жағында қос тәбе сүйегімен, екі жанында самай сүйектерімен ирелек бітімді жік арқылы жалғасады. Самай сүйегі жұп болады: ми сауытының екі жақ сүйір бөліктерін құрайды, самай сүйектері жоғарғы жағында тәбе, арт жағында шүйде, тәменгі жағында бас қаңқасының негізі болып табылатын сына және шықшыт сүйектермен байланысады. Алдыңғы тұсында маңдай сүйегімен жымдасады, бұл сүйекте негізінен адамның есіту органы орналасады. Тәбе сүйегі самай сүйегі сияқты жұп болады, ми сауыттың тәбе және екі бүйір бөлігін құрайды, сүйектің алдыңғы жиегі маңдай, тәменгі жиегі самай, артқы жиегі шүйде сүйектерімен шектеседі, пішіні төртбұрышқа ұқсас келеді. Шүйде сүйегі ми сауытының артқы жағын құрайды, үлкен тесігінің айналасында оның төрт бөлігі жатады: алдыңғы жағында – негізгі, екі жанында бүйір бөлігі, арт жағында – қабыршак бөлігі, бүйір бөлігіндегі екі сопакша, дөңес есіндегі ауыз омыртқаның буыны ойыса жалғасады. Қабыршак бөлгінің ішкі беті жайдак төрт ойыска бөлінген, оның жоғарғы екі ойысына мидың шүйде бөлігі сай келсе, тәменгі екі ойысына мишиқ бөліктері сай келеді. Шүйде сүйегі алдында сына, екі жағында самай және тәбе сүйектерімен жалғасып жатады.

Адам бас сүйегін бейнелеу барысында бұлшық ет қабатын зерттеу жұмысы жүргізіледі, бастың бейнесін, құрылымды нобайын, негізгі моделі анықталады.

Суреттің қорытындысы – сыйзықтық бейне, бейнелік моделі. Бұлшық еттердің орналасуының заңдылықтары. Бұлшықеттер адам ағзасындағы әр түрлі қозғалыстарды қамтамасыз ететін тірек-қимыл жүйесінің белсенді бөлігі. Бұлшықеттің қатысуымен адам кеңістікте қозғалып, дененің тепе-тәндігін сактайды. Кеуде қуысын құрайтын қабыргалардың арасындағы бұлшықеттер мен көкет (кеуде мен

құрсақ қуысын бөліп тұратын ет) тынысалу козғалысына катысады. Жұтыну, дауыстың шығуы, көздің қозғалуы, ішкі мүшелер жұмыстарының барлығы бұлшықеттердің жиырылу, босаңсу әсерінен болады, сүйектермен бірлесіп денеге пішін беріп, денені тік ұстаға көмектеседі.

*Бақылау сұрақтары:*

1. Қима басты қалай бейнелеу керек?
2. Натураны қағаз бетіне тұсірудің негізгі кезеңдері қандай?
3. Бастың пластикалық байланысуларын қалай анықтады?
4. Адам басының конструктивті құрылымын қалай бейнелейді?

## **ЗАМАНАУИ ГРАФИКА ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

**Мақсаты:** Заманауи графика түрлері мен олардың технологияларымен таныстыру

*Граффити* (тарихи жазбалардың негізінде жекеше түрде - *граффіто*; итал. *graffito*, көпше түрде - *graffiti*, итал. *graffiare* - тынау) - бейнелер, суреттер немесе жазбалар, тырналып жазылған, қабырғаларды немесе басқа жазықтықтарда бояумен немесе сиямен бейнеленген суреттерді жатқызуға болады. Граффити өнеріне көшеде жазылған немесе бейнеленген суреттерді жатқызуға болады. Ежелгі эпиграфикалық ескерткіштерге «граффити» және «дипинти» түсініктер жатады. «Дипинти» - бояулы жазбалар, «граффити» тырналып жазылған жазбалар жатқызылады. «Граффито» - пигменттің екінші қабатын тынау әдісі көмегімен бірінші боялған қабатын көрсетуді айтады. Бұл технологияны қерамистер өз қолтаңбасын қалдыруру үшін қолданған. Грек тілінен γράφειν — *graphein* (по-русски — «писать») жазу дегенді білдіреді. Заманауи спрей-арт өнеріне – аэрозоль бояулармен бейнелеуді айтады.

Қабырға жазбалары ежелгі дәүірден белгілі: Ежелгі Шығыс, Греция, Рим (Помпея, каткомбылары). Ежелгі б.д.д. 30000 ғасырларда пайда болды, олар: пигменттермен бекітілген тасқа қашалған суреттер мен пиктография түрінде белгілі. *Пиктография* (лат. *Pictus* болу, грек, *grapho* жазамын) — сурет жазу. Граффити өнерінің даму жолы Ежелгі Египет, Помпей (Ежелгі Рим), Месоамерикадағы майя тайпасының Тигель қаласында, Константинополь қаласындағы София шіркеуінде, Киев қаласындағы София шіркеуінде, Қайта өркендеу дәүірінде Пинтуриккьо, Рафаэль, Микеланджело, Гирландайо және Филиппино Липпи суретшілердің шығармаларында, Жаңа дәүірде граффити рок-н-роллом, хип-хоп, хардкор, битдаун және брейк-данс бағыттарымен тығыз байланысты.

Заманауи граффити 1920 жылдары Америка Кұрама Штадтарында қайта жаңғырды. 1969 – 1974 жж. аралығында рейтерлер көшедегі шығармаларына таңбаларын қоя бастады (ТАКІ 183).

20 ғасырдың 80-шы жылдарында рэйтэрлер шығармаларын арт-галереяларға қоя бастады.

21 ғасырдың 1-5-шы жылдарында рэйтэрлер шығармаларын виртуалдық денгейге көтерді: граффити тақырыбындағы виртуалды ойындар, бағдарламалар пайда болды.

Граффити бағыты дүниежүзілік және Солтүстік Америка суретшілері мен дизайнерлері үшін дайындық сатысына айналды. Американ граффити өкілдері Майк Гайэнт, Пурсуэ, Райм, Ноа және т.б. скейтборд, киім мен аяқ киімдерді безендіру жұмыстарымен айналысты (DC Shoes, Adidas, Rebel8 Osiris немесе Circa фирмалары).

Рэйтэрлер Дзайн, Дэйз, Блэйд, Мак арт-галереяларда аэрозоль және т.б. материалдармен жұмыс жасайтын суретшілерге айналды.

123Klan командасы 1989 жылы Scien және Klorкомандаларға бөлініп Nike, Adidas, Lamborghini, Coca Cola, Stussy, Sony, Nasdaq компаниялардың логотиптерін мен киім, аяқ киім дизайнның жасауда.

*Граттаж. Граттаж* (от фр. *Gratter* - тырнау, қыру) – суретті үшкір құрал көмегімен тушь және гуашьпен боялған қағаз немесе картон бетіндегі суретті тырнау немесе қырып орындау.

Граттаж немесе гратография технологиясымен жұмыс әдісі:

- Парапинді немесе әк лайды қағаздың немесе престелген картонның бетіне жағу;
- Қылқаламды сабын сумен сулан, тушь немесе гуашты парапинделген қағаздың бетін бояу.
- Грунтталған қағаздың бетін кептіру, кейін үшкір затпен бейнелерді қыру, тырнау технологиясы арқылы бейнелеу.

Гратография технологиясының қәзіргі заманың белгілі өкілі Кристина Пеннеску – 23 жаста, Бухарест қаласында Румыния астанасында туылған, қәзіргі уақытта Америка Құрама штатының Калифорния тұрғыны, өз бетімен білім алған суретші. Кристинаның бейнелеу технологиясы – гиперреализм.



Сурет 40. Кристина Пеннеску. Граттаж


*Бақылау сұрақтары:*

1. Гратография дегеніміз не?
2. Граттаж дегеніміз не?
3. Гратография дегеніміз не?


## ГРАТТАЖ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Граттаж техникасында графикалық жұмысты орындау кезеңдері*

Тәжірибелік жұмысқа қажетті құралдар: жылтыр бетті қағаз (фото қағаз), қылқаламдар, пинен 4 еріткіші, орташа мастихин құралы.




1. Типографтық қара бояуды бояу құятын ыдыстарда пинен 4 ерітіндісі немесе зығыр майымен араластыра ерітіп дайындаимыз.




2. Ерітілген бояуды жалпақ қылқалам көмегімен қағаз бетіне кез келген шығармашық бейнені түсіреміз, кейін оны жіңішке қылқаламмен суретті өндейміз.







2. Түскен бейнені алдымен сүмен қылқалам арқылы боямалаймыз.



3. Сонан кейін тамишылатқыш (пипетка) арқылы сия бояуымен бейненің сулы жеріне өте байыппен мұқият ете бояуды бір реттен тамызамыз.



4. Орташа не жіңішке қылқалам арқылы жұмыстың кейбір ұсақ бөліктерін түзетеміз.



Осылайша сия бояуларды қолдана отырып графикалық көркем жұмыс орындаімымыз. Әрине бұл жерде түстапқышты не қолсурткішті пайдалана, жұмысты артық сиядан қылқалам арқылы арылтып отырамыз.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Оқу құралдың негізгі мақсаты бейнелеу өнері сабағында, сурет сабағында түрлі тәсілдегі графикалық құралдарды, шығармашылық жұмыстарды насиҳаттау. Шығармашылық талапкерлер үшін өз ой қиялын сипатталған графикалық жұмыстар арқылы эстетикалық талғам мен бейнелеу шеберлігін жетілдіру. Графикада бейнелеудің түрлі тәсілдерін үйрену негізгі талап пен міндест. Бұл тәсілдегі жұмыстар жасалу технологиясы қызықты және оңай.

Заманауи графикалық өнерде бейнелеу өнерінің түрлі стильді бағыттар, түрлі графикалық материалдарды қолдану және техникалық әдістерді менгеруге арналған шығармашылық жұмыстар, жаңа көркем материалдарды қолдануға арналған эксперименттер анықталады.

Студенттер графикага оқыту барысында графикалық материалдардың мүмкіндіктерімен және көркем материалдардың қатынасымен танысады.

Оқу құралдың негізгі міндесттері:

- мамандарды бейнелеу өнерінің дамуын заманауи көзқарастарынан дайындау;
- көркем – график жұмысының арнайы әдістемесін және бейнелеу тілін оқу;
- көркем цикл ішіндегі нақты пәннің арнайы орнын анықтау;
- шығармашылық тұлғаның дамуында оқу пәнінің мазмұнын анықтау.

## **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ**

1. Художественная школа. –М.: Эксмо, 2010.
2. Работа пером и тушью. (А.Л.Гаптилл). Пер. с англ. А.Ф.Зиновьев – 2 ое издание.- Мин.: ООО «Попурри», 2004.
3. Техника быстрых набросков /Пер. с англ. Худ. обл. М.В.Драко – Мин.: ООО «Попурри», 2004.
4. Төлебиев Ә.Т., Әлмұханбетов Б.А.. Өнер тарихы. Жалпы білім беретін мектептің оқушыларына және студенттерге арналған оқу құралы – Астана: «Арман-ПВ», 2009.
5. Энциклопедия рисования. Пер. с англ. Т.Покидаевой, М.: «Росмэн», 2001.
6. Н.И. Платонова, В.Д. Синюков. Энциклопедический словарь юного художника: -М.: Педагогика, 1983.
7. Г.В.Беда. Основы изобразительной грамоты: рисунок, живопись, композиция: учебно пособие для студентов педагогических институтов по специальности 21.09 «Черчение, рисование и труд». -2-е изд., перераб. и доп. - М.: Просвещение, 1981.
8. Ковшарь А.Ф., Ковшарь В.А.. Животный мир Казахстана. Научно-популярное издание: Алматы кітап, 2003.


## ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАР



Cristina Penescu. Акрил Great Egret. 15x20 дюйм



Cristina Penescu. Акрил Wolf. 5x7 дюйм



Cristina Penescu. Акрил Amur Leopard. 12x12 дюйм



Cristina Penescu. Акрил Wolf. 24x36 дюйм

## **МАЗМУНЫ**

Kіріспе	3
Сурет: материал мен жұмыстың әдістерін игеру. Графика және оның түрлерінің қысқаша тарихы	5
Суреттің негізгі элементтері. Көркем материалдардың суреттеу технологиясы	14
«Алтын қима» - орта қатынаста бөлу. Перспектива туралы түсінік	32
Перспектива түрлері	41
Сызықтық перспектива заңдылықтары	49
Аяу перспективасының заңдылықтары	58
Жарық пен көлеңке перспективасы	60
Шенбердің перспективасы	63
Заттарды бейнелеу әдістері	66
Натюрмортты бейнелеудің заңдылықтары	71
Гипсті геометриялық денелерден құралған натюрморт	73
Үй заттарынан құралған натюрмортты бейнелеу	78
Күрделі емес денелерден құралған натюрмортты бейнелеу	83
Гипс адам басын бейнелеу	86
Адам тұлғасын бейнелеу	89
Заманауи графика түрлері және олардың технологиялары	95
Граттаж технологиясы	98
Көріткінді	104
Әдебиеттер	105
Иллюстрациялар	106

Буркитбаев Т.С.,  
Кунжигитова Г.Б.,  
Жолдасбекова К.Ә.

# СҮРЕТ

